**Әбу Насыр әл Фараби:**

*Бақыттың мәні - парасаттылықта!*

# ҰЛАҒАТ

***«Қазақ тілі мен әдебиеті» және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Республикалық ғылыми-психологиялық және педагогикалық басылымы. Журнал екі айда бір рет 1994 жылдың шілде айынан бастап шығады.***


**НАУРЫЗ 2 МАРТ**

**СӘУІР 2011 АПРЕЛЬ**


***Республиканское научно-психологическое и педагогическое издание товарищества с ограниченной ответственностью «Қазақ тілі мен әдебиеті» және «Ұлағат». Журнал выходит один раз в два месяца с июля 1994 года.***


## АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

**Зейнеп АХМЕТОВА, Бөлек АМАНБАЕВА, Мұзафар ӘЛІМБАЕВ, Өмірхан ӘБДІМАНОВ, Шәмша БЕРКІМБАЕВА, Қалдыбек БӨЛЕЕВ, Ерғали ДАЙРАБАЕВ, Құбығұл ЖАРЫҚБАЕВ, Серғазы ҚАЛИЕВ, Жұмағали НАУРЫЗБАЕВ, Жарылқасын НҰСҚАБАЕВ, Жәмила НАМАЗБАЕВА, Сақыпжамал ҰЗАҚБАЕВА.**

# МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ


*Ғылым ғаламында*

**Рақымжан ТҰРЫСБЕК**. Ахмет Байтұрсынұлының көсемсөздері......3

*Педагог тайымы*

**Роза ЖҰМАҒАЗИЕВА.** Көне түркі ескерткіштері мен батырлар жырындағы үндестік....................................16

**А.МЕДЕШОВА**. Электрондық үкімет аясындағы құжат айналымы...............................................20

*Жоғары оқу орнында*

**Еңлік ЖҰМАТАЕВА**, **Бауыржан БЕЙСЕМБАЕВ.** Студенттердің құқық қорғау біліктілігін арттыру мәселелері....................................28

*Жас ғалымдар отауы*

**Дамира МАРАТҚЫЗЫ**. Студенттердің психологиялық-типтік ерекшеліктері..............................................40

*В мире педагогики*

**Бибинур КИСИКОВА.** Применение технологии дебатов в процессе преподавания английского языка...................................................................51

**Капия КАЙРШАКОВА.** Приемы обучения диалогической и монологической речи на занятиях немецкого языка...........................................58

*Әдеби кеш*

**Жанат ЕЛЕКБАЕВА.** Сағи ақынның сырлы әлемі.........................67

**Жанат ЕСІМЖАНҚЫЗЫ**. «Өлең - сөздің патшасы...»..........................71

*Балабақша бағында*

**Дәмеш ТОҒАЙБАЕВА**. Наурыз мейрамы...........................................76

*Педагогикалық әдістеме: озық тәжірибе*

**Шарапат ҚҰЛЖАНОВА.** Қазақтың қолөнер бұйымдары..................81

*Мұғалімдерге көмек*

**Бектас ҒАНИҰЛЫ**, **Индира МҰРАТҚЫЗЫ.** Педагогикалық және ақпараттық-қатынастық технологияларды үйлестіру арқылы компьютердің арифметикалық және логикалық негіздерін оқыту..............85

**Айнұр ШАКИРОВА.** Модульдік технологияның қазақ тілі сабақтарындағы тиімділігі.........................93

**Шынар ҚАЙЫРКЕНҚЫЗЫ.** Дарынды балалардың қабілеттерін арттыру жолдары......................................95

*Сыныптан тыс тәлім*

**Берік ТАЛАСБАЕВ.** Бала сұлтан...................................................101

**Айгүл СӘЛІМҚЫЗЫ**, **Нұрдана ӘБІЛЖАНҚЫЗЫ.** Көгілдір от..................................................108

**Мая ТҰРСЫНҚЫЗЫ.** Жол үстіндегі жолаушы...........................114

*В орбите дефектологии*

**Каниза ДАУЛЕТОВА.** Нарушение чтения у младших школьников с задержкой психического развитие и методы коррекции..................119

*Өмірмен өзектес өнер*

**Ақмарал ҒАБИТҚЫЗЫ.** Зергерлік өнер - ұлттық талғамның биік үлгісі...............................................................123

*Білім сынағында*

**Раушан ТУРАБАЕВА.** Орыс музыка әдебиеті пәнінен тест.......132

**Қ.ЕСМАҒАНБЕТОВА.** Тест сауалдары.............................................138

**Рақымжан ТҰРЫСБЕК,**
**филология ғылымдарының докторы,**
**профессор.**

# АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ КӨСЕМСӨЗДЕРІ

Алаштың қайраткер-қаламгерлері арасында – Ахмет Байтұрсынұлы есімі мен еңбегі айырықша аталады (1).

Алаш мұратына житі көз салсақ, А.Байтұрсынұлы мұрасы, оның ішінде көсемсөздері ерекше маңызға ие екендігі айқын аңғарылады. Атап айтқанда, “Қазақтың өкпесі”, “Қазақтың бас ақыны”, “Қазақша оқу жайынан”, “Оқу жайы”, “Білім жарысы”, “Қазақ һәм түрлі мәселелер”, “Бастауыш мектеп”, “Мектеп керектері”, т.т көсемсөздері тақырып әр алуандығымен, қоғамдық һәм кезеңдік мәселелерді тап басып көрсетуімен, ел-жұрт, адам еңбегі мен өмір тұрмыстарын сергек саралап, зерделі түйін-тұжырымдар жасауымен мәнді болып табылады. Қайсыбір тақырып-мәселелерден елдік мұрат-мүддені көздеу, адам өмірі мен еңбегіне маңыз беру, білім-ғылым ісіне кең өріс ашу, жас ұрпақ жайын тәлім-тәрбие тағылымдарымен табиғи сабақтастықта қарастыру – Алаш ардақтысы – А.Байтұрсынұлының асыл мұраты, басты борыштарының бірі.

Қазақ руханиятын – А.Байтұрсынұлы қоғамдық, әлеуметтік һәм білім-ғылымісіндегі ерен еңбектерімен жан-жақты байытты. М.Әуезовше айтсақ, “Ақаң ашқан қазақ мектебі, Ақаң түрлеген ана тілі, Ақаң салған әдебиеттегі елшілдік ұран – “Қырық мысал”, “Маса”, “Қазақ” газетінің 1916 жылдағы қан жылаған қазақ

баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайраты, біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтын істер болатын” (2).

Осы орайда, сөз жоқ, А.Байтұрсынұлының көсемсөздері, ондағы ұлттық мұраттарға, елдік мәселелерге арналған ерен еңбектері қазіргі кезде де ұнамды үрдістермен сабақтастық табатынын айту абзал. Айталық, “Қазақтың өкпесі” – ел-жер тарихы мен тағылымының терең де тәлімді сырларын алға тартады. Халықтық қадір-қасиетіміз еркін көрініс береді. Озат та озық дәстүр өнегелеріміз, тәлімді тәжірибелеріміз көпке үлгі етіледі. Сөйте тұра, қазақ жері, оны игеру мен иемдену мәні, білім-ғылым ісі, өнер мұраты, т.с.с меңгеру мен дамытуға келгенде тым сылбыр да салғырт әрі бейқамдық байқалады. Өзгеге еліктеу, ілгері ұмтылысы да баяу, салғырт-ақ. Көсемсөзде осыған мән беріледі. Оның мән-жайын былай білдіреді: “Біздің заманымыз – өткен заманның баласы, келер заманның атасы. Атадан алған мирасымыздың жайы мағлұм, балаға бұл қалыпта тұрып не мирас қалдырмақпыз, оны болжауға да артық әулиелік қажет емес. Көп жұртта да ғылым, өнер кем, бәрі қарайлас, тең заманда қазақ та қалт-құлт етіп, өз алдына хан болып жүрді, басқа берекелі жұмыс ойланбаған. Өзге жұрттар ілгері басқанда, қазақ кері басқан...

Қазақтың әлі күнге жерден қол үзбей отырғаны – жер қазыналық болғандықтан. Бүгін тойғанына мәз болып, ертеңгісін ұмытқан қазақ бүгін жерін сатып, тойып, ертең тентіреп кетер еді. Жер жалдаған қазақ аз ба? Жерді жалдаудан тартынбағандар, сатудан да тартынбайды... беті жаманның айнаға өкпелеуі жөн бе? Ниеті жаманның аллаға өкпелеуі жөн бе? Талап жоқ, үміт мол бір халықпыз...

Ата жолдасы – надандық, өнерсіздік қазір қазақтан айырылатын емес. Надандықтың кесепаты әр жерде-ақ маңдайымызға тисе де, айырылмай-ақ келеміз. Олжалы жерде үлестен қағылғанымыз, жаралы жерде жолдан қағылғанымыз, бәрі – надандық кесапаты” (3.138-140). Бұл – ел-жер жайы, өмір шындығы, уақыт тынысы еді.

Демек, “Қазақтың өкпесі” – халықтық қасиет, ұлттық дәстүр, елдік мұраттарды көздеумен қатар, қоғамда өмір-тұрмыста кең етек алған – бейқамдық пен салғырттық сырларын кең көлемде ашады. Ел-жерге құрметтің төмендеуі, адамдар қарым-қатынасындағы салқындық, еңбекке, өнер-білімге көзқарастың талап деңгейінен тым алшақтығы сын-мін ретінде айтылады. Автор: “Талап жоқ, үміт мол бір халықпыз” дегенді алға тарту арқылы бағыт-бағдар береді. Білім-ғылым ісін ілгері дамытуға, өнер мұраттарын қызмет етуге мың сан мысал, деректер келтіреді. Келешек кілті, кемелдік кепілі – білім-ғылым мен өнер екендігі басым бағыттар арқылы жүйелі жеткізіледі.

Бұдан шығатын түйін: А.Байтұрсынұлы ел-жер тарихы мен тағдырына, білім-ғылым ісі мен өнер тағылымдарына зор маңыз беріп, оны дамыту мен өркендетуге, қалтқысыз қызмет етуге айырықша әсер-ықпал жасайды. Ұлт пен ұрпақ қамына қамқор көңіл білдіреді. Ұлт мұраты мен оның басым бағыттарына, қымбат қазыналарына жіті назар аударады. Елдік мәселелер алдыңғы кезекке шығады. Ортақ мұраттар қозғалады.

“Қазақтың бас ақыны” – Абай Құнанбайұлының өмірі мен өнегесіне, шығармашылық мұрасына арналады. Ақындық мұрат пен өнер тағылымдары кең көлемде сөз етіледі. Ұлттық сөз өнері – Абайдың ақындық мұрасымен, өмірбаяндық дерексөздерімен,

отбасылық, өскен орта ерекшеліктерімен табиғи байланыста баяндалады. Автор алғашқы тұста: “1903 жылы қолыма Абай сөздері жазылған дәптер түсті. Оқып қарасам, басқа ақындардың сөзіндей емес. Олар сөзінен басқалығы сонша, әуелгі кезде жатырқап, көпке дейін босаңсып отырасың. Сөзі аз, мағынасы көп, терең... не нәрсе жайынан жазса да Абай түбірін, тамырын, ішкі сырын қасиетін қармай жазады...” десе (сонда 140,141 беттер), одан кейінгі кезеңдерде – Михаэлис, Гросс сынды оқымыстылармен кездесуі, үлгі-ғибрат алуы нанымды баяндалады. Абайдың ақындық өнері, өлеңге құрметі, мен құштарлығы, талабы мен талғамы – ұлттық сөз өнеріне сүйіспеншілігінен туындап жатады. Абай өлеңі мен өнердегі – сөздің ажары мен шырайы, ойдың шеберлігі айырықша айтылады. Абай өлеңдеріндегі өмірдің өрнекті тұстары, адам әлемінің ішкі-сыртқы жайттары, жаңалық-жетістіктері - ақындық өнердің үздік үлгісі ретінде кеңінен көрсетіледі. Өнер мұратына маңыз беріледі. Ол жайлы: “Абайдың өлеңдері қазақтың басқа ақындарының өлеңінен үздік аралықтағы әр нәрсенің бергі жағын алмай, арғы асылынан қарап сөйлегендіктен. Басқа ақындардың сөзге шеберлігі, шешендігі – Абайдан кем болмаса, білімі кем болғандығы даусыз...

Абай, сөздің ажарына қарамай, сыпайылығына қарамай, әр нәрсенің бар қалыбын қалпынша дұрыс айтуды сүйген” деп жазады (146 бет).

Ой түйінінде: «Абайды қазақ баласы тегіс танып, тегіс білуі керек» дейді. Абайдың ақындық өнерін, ондағы өнегелі, өрнекті сөздерін көпке үлгі ету, кең көлемде насихаттау баршаның ісі екенін де назарға алады.

Мұның бәрі - баршасы, сайып келгенде - Абайдың ақындық өнерін жан-жақты танып-білу, оқып-үйрену, үлгі-өнеге ету болып табылады. Автор Абай өнерін, шығармашылық мұрасын кең көлемде сөз ету, тағылымды тұстарын баяндау арқылы ондағы құнарлы ойға, көркемдік пен шеберлік сырларына қалың көптің назарын аудару. Сол арқылы ұлттың бас ақынының басым бағыттарын, сөз өнеріндегі орын-үлесі мен ерекшеліктерін жіті бақылап, сергек саралап, байыпты бағалайды. Абай әлемі бар қырынан айқара ашылып, ұлт мұраты мен ұрпақ қамы, келешек келбеті кеңінен көрініс береді.

Ахмет Байтұрсынұлының ұлттық мұратты ұлықтаған, елдік мәселелерге еркін бойлаған тұсы - білім-ғылым ісінен көрінеді. Бұл бағыттағы бірқатар көсемсөздерінен («Қазақша оқу жайынан», «Оқу жайы», «Білім жарысы», «Білім жарысы хақында», «Оқыту жайынан», «Бастауыш мектеп», «Мектеп керектері», т.т) оқу-ағарту ісінің алыс-жақын жерлердегі түрлі тәжірибелері, артық-кем тұстары, өзекті мәселелері тілге тиек етіледі. Мәселен, «Қазақша оқу жайынан» атты көсемсөзде оқу-ағарту ісінің бастау көздері, бала оқыту мен жас ұрпақ тәрбиесі, мектеп пен мұғалім мәртебесі, оқулық пен қосымша құрал, бағдарлама, т.т. келелі мәселелер нақты жағдайларға байланысты сөз болады. Автор алғашқы тұста бала оқытуға қатысты бағдар беретін - бағдарлама (жосық) жайын қозғайды. Елдегі ауыр ахуал, оқу-білімге көзқарастың төмендігі - бағдарламадан тыс әліппенің тапшылығынан, өзге де пәндер (есеп, дін, жағрафия, тарих, т.т.) жолға қойылмағандықтан, оқу ісінің қиын тұстары бары көпке жария үлгіде жеткізіледі. Алдымен бала оқытатын кітаптар тізбесі жасалу қажеттілігі

көрсетіледі. Оқу-білім ісі, жас ұрпақ тәрбиесі - оқулық һәм оқу құралдары төңірегінде кең өріс алады. Мақсаты мен маңызы айқындалады.

Келесі назар аударарлық тұс - қайсыбір істі де білетін, келісті, шебер орындайтын адам туралы ойлар мен толғаныстар бүгінгі таңда да аса мәнді қалпында қалып отыр. Бала оқыту жайын айтқанда, мұғалім - адам жанын түсінетін, бала табиғатын танитын, көңіл сарайын ашатын ерекше тұлға болуын назарға салады. Мұғалім мәртебесі мен тұлғалық сипаты айқындалады.

Оқу ісінің - орысша өтетіні, молдалар арқылы жүзеге асатыны да негізгі назарда тұрады. Алуандылық пен әр қилылықтың қыр-сыры ашылады. Ұлт тілін меңгеріп, оқып-білу арқылы орыс тілін үйрену керектігі де еске алынады. Мұның өзі көп тіл білудің мүмкіндігі мен қажеттілігін алға тартады. Бұл қазіргі кезеңде өмір шындығына айналып отыр.

Жас маман - мұғалімдерге үлкен үміт артады: «Жаңа жылдың оқуы жаңа оқып шыққан жас мұғалімдердің қолында. Бұлардың күштері тың, білімдері соны, пікірлері жаңа. Ниеті – жұртына қызмет ету. Бұлар білгенін, тапқан-таянғанын жұртынан аяп қалатын емес. Қазақтың бастауыш мектебін қолдарына алуға лайық адамдар әр жайдан хабардар: дүнияда не істеліп, не қалыпта тұрғанынан бұлардың мағлұматы мол» десе (177 бет), кемшілікті тұсы - дыбысты жақсы білмей - жаңа оқыту тәсілін жүзеге асыру қиынның қиыны, одан соң дыбыспен жаттықтырудың оқуды, жазуды жеңілдету ісінде берері мол екенін басшылыққа алу аса маңызды мәселе екені айырықша көрсетіледі. Нәтижесінде: «... мұғалім жақсы оқыта білген қазақ тіліндегі оқушыларды көбейтіп, оку ісінің шапшаңырақ ілгері басуына күш берер еді» деген (178 бет) қорытындыға келеді.

Асылы, мұның бәрінен:

- жас ұрпақ тәрбиесі;
- білім-ғылым ісінің мәңгілік сипаты;
- мұғалім мәртебесінің биік өлшемі;
- оқулық һәм оқу құралдарының рухани қайнар көздері барынша айқын, бедерлі мәнге ие болады.

Мұның қазіргі кезеңде, әсіресе, әлемдік бәсекеге қабілеттілік еселеп артқан тұста мән-маңызы айырықша болып табылады.

Білім-ғылым - қоғамның қуатты күші һәм қымбат қазыналар қатарына жататыны бұрынғыдан да бедерлі, айқын көрінеді.

Оқу-білімнің маңыз-мәні - «Оқу жайы» атты көсемсөзде әр бағытта байытылып, адам мен оның еңбегі арқылы кеңінен көрсетіледі. «Оқусыз халық қанша бай болса да, біраз жылдардан кейін оның байлығы өнерлі халықтардың қолына көшпекші» деп (178 бет) оның мысал-дерегі болмашыға бергені, келесі кезекте өзіне әлденеше есе зорайып, қымбатқа түсетінін, әр нәрсенің парқы-наркы барын назарға алу арқылы оқу-білімнің маңызын ашады. Оның үстіне оқу-білімнің дұрыс жолға қойылмағаны, оқу бағдарламасы мен кітаптардың тапшылығы, мұғалімдердің өмір-тұрмысының төмендігі, т.т. өмір, уақыт шындықтарымен сабақтастықта сөз етіледі. Оқу һәм оқыту ісі, қазақша һәм орысша оқу жайы да кезеңдік көріністермен байланысты өріс алады. Ортақ кемшілік ретінде төмендегі жайлар еске алынады: «Қазақтың шаруасына бір жақтан надандығынан кемшілік келгенде, екінші жақтан білімсіздігін көріп тұрғандар басынып, елдіктен, теңдіктен қалдырып, тиісті сыбағасына қиянат етіп тұрғаны санасы бар қазаққа ескерерлік іс еді. Бұл заманда қолы жетпегендерді теңдікке жеткізетін,

әлсіздерге күш беретін өнер-білім, сол өнер-білімге мезгілі өтпей тұрғанда үйренсек, тұрмысымызды түзетіп, басқалардың аяқ астында жаншылмас едік, біз де өз алдымызға бір жұрт екендігімізді білдірер едік» (179 бет).

Біздіңше, бұл тұстардан да оқу-білім, өнер мұраты терең танылады. Оқу-біліммен ерте қаруланған, оны өмір-тұрмыста, еңбекте басты нысана ету - қоғамнан өз орныңды адаспай тауып, басты мақсат жолында өрнекті ғұмыр кешуге алып келетін сара да даңғыл жолдардың бірі. Автордың әуелгі ұстанымынан - ұлттық мұрат, елдік мүдде жоғары көрінсе, оның өмірдегі көрінісі - білім-ғылым ісін жолға қою, өнер мұраттарына адалдық таныту, жас ұрпақ тәрбиесіне жауапты һәм сергек қарау екендігі сәт сайын сезіледі.

Өмір мұратының өзі: адамдық һәм азаматтық парыз-қарыздан тұрады емес пе?!

Білім-ғылым һәм өнердің танымдық-тағылымды тұстары - «Білім жарысы» көсемсөзінен көрініп, оның қалың көпке рухани әсері жан-жақты айқындалады. Автор білім бәсекесінің алыс-жақын елдердегі үлгі-өнегесін, адам мен оның өміріне, еңбегіне қатысты тұстарын кең көлемде ашады. Еуропалық үлгілерді, Нобель сыйлығының мәнін кеңінен ашып, сол арқылы адамзат дамуын, білім-ғылым өресін, өркениет ісін алға тартады.

Автор осы және басқа да жайттарды, ұнамды-оңды көріністерді үлгі ету арқылы халықтық ерекшеліктерімізге де кең орын береді. Кезекті тұста: «Бәйге тігу, жарыс істеу біздің қазақта да бар. Қазақта бай адамдар я қуаныш нәрсеге той істеп, ат шаптырады, я өлген адамына ас беріп, ат шаптырады. Байлығына қарай, адамдығына қарай ас пен тойдың үлкені де,

кішісі де болады. Зорлығы бәйгеге тіккен малынан гөрі шақырған елдердің санынан, сойылған малынан байқалады» дейді (181 бет).

Бұдан басқа-ас, бәйге туралы ойлар ортаға салынады. Онда да байлық, ас та төк әрекеттер алдыға шығатыны ойға оралады. Автор алыс-жақын елдердегі білім жарысын, маңызды тұстарын назарда ұстап, оның ұлтқа қатысты жағына да тоқталады: «Білімнің бас құралы - кітап. Қазақ арасына білім жайылуына, әуелі, оқу үйренетін орындар сайлы болуы керек, екінші, білім тарататын кітаптар жақсы боларға керек һәм халық арасына көп жайыларға керек. Осы мақсатқа жетуге зор себепкер болатын істің бірі - білім жарысы.

Білім жарысының басқадан артық бір жері мынау: бұған шығарған ақша далаға кетпей, көздеген мақсатқа тура тиеді. Егін салсаң, шықпай қалып, босқа шығындау ықтимал, білім бәйгесінен пайда болмаса, шығын болмайды. Пайдасы боларлық істі істемей, бәйгеге ешкім қол созбайды. Солай болған соң, бұған шығарған ақша босқа кетуге тіпті орын жоқ» (183 бет). Демек, білім жарысы - ұлттық мұратты, елдік салтты, дәстүрге адалдықты танытумен бірге, адамдық һәм азаматтық борышты, ақыл-парасатты, ғылым-өнерді қалың көпке бағыттау, қоғамды дамытуға, жақсы өмір-тұрмысқа барынша ашық сипатта ұмтылу, үлес қосу. Өмір мәні, мұраты да осы емес пе?

Автор Еуропа һәм қазақ байлары хақында да өрелі ойлар қозғайды. Ұлт, ру намысы төңірегінде де сөз етеді. Соның бәрінде де білім-ғылым ісін, өнер мұратын жоғары қояды. Білім жарысы - ақыл-парасаттың, іргелі ізденіс пен ерен еңбектің жеңісі, жетістігі тұстарымен өлшенетінін басты назарда ұстайды. Демек, білім жарысы - байлық пен жомарттық

көрінісі емес, керісінше, ұлтқа қызмет ететін, елдік мұрат-мүддені көздейтін, ең негізгісі - адам мен оның өмірін жеңілдететін, мәдени-рухани әсер беретін, кемел келешекке үміт-сенімін еселеп арттыратын көпке ортақ, баршаға маңызды, сауапты іс болу қажеттілігі байыпты баяндалады. Ендеше, білім жарысы арқылы да қоғам дамуына, өмір-тұрмысқа, дәстүр-өнегелерімізге әсер-ықпал етуге болатынын айқын аңғарамыз. Оқу-білім-ақыл-парасат өлшемі ғана емес, өркениетке бастар жол, кемел келешек кепілі.

Білім жарысының қоғамдық мәні, рухани олжасы – осы.

Бұдан басқа - «Оқыту жайынан» оқу-білім ісіндегі: байыпты бағдарлама, оқу құралы һәм мұғалім төңірегінен ой қозғайды. «Жастардың оқу-тәрбие жұмысы түзелмей, жұрт ісі түзелмейді» дегенді де негізгі назарда ұстайды. Автор осы жайларға мән бере келіп: «Қазақ мектебінде оқу үш жылдық болуы қолайлы» дегенді де қолдайды. Оның бәрін белгілі тәртіп, жүйемен жүзеге асыру - әрбір адамнан, әсіресе, мұғалім мәртебесімен байланыстырады.

Елдік мұратты қалыптастыру, халықтық қасиеттерді қадір тұту, жас ұрпақ тәрбиесіне ден қою - «Бастауыш мектеп», «Мектеп керектері» сынды көсемсөздерде оң бағыт алады. Оқу-білім жүйесі, мектептің халыққа жақындығы, жас ұрпақ білімді - ана тілінде алу қажеттілігі уақыт талаптары тұрғысынан сөз етіледі. Бастауыш мектепте ұлт тілінде оқылатын - оқу, жазу, дін, ұлт тілі, ұлт тарихы, есеп, жағрафия, шаруа кәсіп, жаралыс жайы айырықша атап көрсетіледі. Қыр мектебі мен қала мектебінің ортақ белгі һәм ерекшеліктері көрсетіледі.

«Мектеп керектері» - жас ұрпақты ана тілінде оқыту,

мұғалім мәртебесін арттыру, оқу бағдарламасы мен құралдарды дайындау жайын кеңінен қозғайды. Мектеп мәселесінде - жас ұрпақты ана тілінде оқыту, кішкене кезден ой-санасына елдік-халықтық қасиеттерді сіңіру Отанға, жерге, еңбекке сүйіспеншілігін қалыптастыру, т.с.с. аса кәделі, игілікті істер қатарына жатады. Автор мектеп мәселесін көтеру негізінде оны оқу-ағарту орны ғана емес, адамдық һәм азаматтық қасиеттердің қастерлі ордасы екеніне мән береді. Игілікті істер мен ізгілікті қадамдардың ортақ арнасы, ең негізгісі – жас ұрпақтың елдік мүдде төңірегіндегі алғашқы ұғым-түсінігі қалыптасатын, жастық кезеңі мен достық сырларын, адамгершілік асыл мұраттарды еркін сіңіретін аяулы орта, ыстық ұя екендігі көрсетіледі. Мұның бәрінен, сөз жоқ, оқу-білім, өнер мұраттары айқын аңғарылып, қоғамның қымбат қазынасы - адам мен оның еңбегіне құрмет пен тағзым терең танылады.

Бұдан, әрине: «Ойы оянып, санаға сана қосып, ел тағдыры жайлы ойланған да, Ахмет, ең алдымен, сол елдің өзімен тілдесуді, олардың жай-күйі жайлы көргендері мен ойларын ортаға салуды, болашақ жөніндегі ұғым-түсініктерін бөлісуді парыз санайды» (4, 108-109). Оның үстіне, жинақтап айтқанда: «Ахмет Байтұрсынұлының ақын, публицист, ғалым, қоғам қайраткері санатында жасаған барлық еңбегі, тартқан қорлық, көрген азабы, болашаққа сенген үміт-арманы -баршасы осы ұлы миссияны орындауға, туған халқы үшін қасық қаны қалғанша қалтқысыз қызмет етуге арналған» (5,29).

Алаш мұраты, өмірдегі қарыз-парыз да осында емес пе?

Адамнан ардақты, еңбектен құрметті не бар?

М.Горький сөзін еске түсірсек: Адам атанудан артық

міндет жоқ...

**Абайша** айтсақ:

Атымды адам қойған соң,
Қайтіп надан болайын.

Немесе:

Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті:
Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек...

Сайып келгенде, ақын-ағартушы, түрколог-ғалым А.Байтұрсынұлының көсемсөздері:

- елдік мұрат-мүддеге негізделуімен қалың көптің ортақ мақсаттарына қызмет етеді;

- ұлт руханиятының биік өлшемі - білім-ғылым ісі бар асылдан да жоғары тұрады;

- оқу-білім, мектеп ісі - жас ұрпақтың өсіп-есеюінің, арман-аңсарларын жүзеге асыратын бірден-бір баспалдақ екендігі кең көлемде көрініс береді;

- адамдық һәм азаматтықтың оңды да ұнамды сипаттары - ақыл-парасат арқылы жүзеге асатын білім нұры мен ғылымның құндылық қырлары айқын аңғарылады;

- мектептің жүрегі, жас ұрпақтың тірегі - мұғалім мәртебесі, руханияттың қайнар көзі - кітап, оқулық хақындағы ойлар мен толғаныстардан жауапкершілік жүгі, жанашырлық белгісі, ұлттық мұратқа деген адамдықтың шынайы да шындық сырлары самаладай жарқырап, нұрлы да сәулелі сәттерін, мейірім шуағын молынан түсіреді.

А.Байтұрсынұлы көсемсөздерінің елдік мүддені негіз еткен, көпке ортақ мақсаттар мен руханият ісіне табан тіреген тағылымды тұстары осыған келіп саяды.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. А.Байтұрсынұлы. Қазақ әдебиеті (Энциклопедиялық анықтамалық). А., «Аруна», 2005. А.Байтұрсынұлы.

Қазақ әдебиетінің тарихы (10 томдық). А., «Қазақ университеті», 2006. А.Байтұрсынұлы. «Алаш» қозғалысы. А., 2008. А.Ісімақова. Алаш әдебиеттануы.А., «Мектеп», 2009.

2. М.Әуезов.Ахаңның 50 жылдық тойы. М.Әуезовтің 50 томдық шығармалар жинағы, 2 том. А., 1998.

3. А.Байтұрсынұлы. Маса. А., «Раритет», 2005.

4. С.Қирабаев. Әдебиетіміздің ақтаңдақ беттері. А., «Білім», 1995.

5. Р.Нұрғали. Толғауы тоқсан қызыл тіл. А., «Үш қиян», 2009.

*Қайсысы дұрыс, қайсысы бұрыс?*

## БІР СӨЗДІҢ СЫРЫ

Күнделікті баспасөз беттерінде белгілі бір шешімді, байламды, нәтижені, тұжырымды білдіретін сөз екі түрлі жазылып жүргені белгілі. Бірде оны *“қортынды”* десе, енді біреулері *“қорытынды”* деп жазып жүр. Біздің ойымызша, “қорытынды” сөзі көкейге қонады.

Ал, Сіз қалай ойлайсыз оқырман?

***Редакциядан.***

**Роза ЖҰМАҒАЗИЕВА,**
**Қызылорда облысының**
**Қазалы ауданындағы**
**Әйтеке би кентінің**
**Ы.Алтынсарин атындағы**
**№204 мектептің қазақ тілі мен**
**әдебиеті пәнінің мұғалімі.**

# КӨНЕ ТҮРКІ ЕСКЕРТКІШТЕРІ МЕН БАТЫРЛАР ЖЫРЫНДАҒЫ ҮНДЕСТІК

Батырлық пен ерлікті, елдік пен ұлтжандылықты, отансүйгіштікті үйретіп, сүйсіндіретін қазіргі 6-сыныптың оқулығына енгізілген «Алпамыс батыр» жыры мен «Күлтегін» жырынан оқушының алары мол.

Бұл жырдың барысында халқымыздың тарихын нақты білмесек те, сол бір ғасырлардан хабар береді.

Жоспар барысында «Алпамыс батыр» жыры мен «Күлтегін» жырларын оқушыларға өтуде мен белгілі ұстаз, әдіскер, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мұғалімі Қанипа Бітібаеваның еңбектерін басшылыққа алдым. Ұстаз әр тақырыпты бастамас бұрын оқушыларға жауабы кітапта берілмеген, оқушыдан ізденісті, шығармашылықты талап ететін проблемалық сұрақтар жүйесін былай етіп беруіне болады:

1. Қандай адамды «Батыр» деп ойлайсыңдар?

2. Алпамыс, Қобыланды, Күлтегін туралы бұрын естіген, оқығандарың бар ма?

3. Қазіргі таңда «Батыр» деп кімді атай алар едіңдер?

Осы сұрақтарға оқушылардың берген жауаптарын толықтырып, одан әрі «Қобыланды батыр» жырын түсіндірдім.

Ежелден ен даланы жайлаған сахараның сары самалын, кәусар ауасын жұтып өскен халқымыз қазақ атанып, ел болғалы небір қиямет-қайымды, қантөгістерді басынан өткізген. Осындай қантөгістер халықты жаудан қорғаған батырларды, әділқазы билерді, шебер тілді жырауларды өмірге әкелген. Осындай заманда халықты жаудан қорғаған батырлар, олардың ерлігін дәріптеу арқылы батырлар жыры өмірге келді. Осылайша өмірге келген батырлар жырын оқытуда оқушыларды ек топқа бөліп «Алпамыс батыр» мен «Күлтегін» жырларын оқыта отырып, екі жырдағы ұқсас жазылған сөздерді төмендегідей кесте арқылы тапқызуға болады:

| **Батырлар жыры** | **Жыр жолдарындағы ұқсастық** |
|---|---|
| «Алпамыс батыр» жыры | Қалмақ атқан <u>қалың оқ</u><br>Жаңбырдай болып <u>тиеді.</u><br>Еті түгі баланың<br>Терісіне кірмеді.<br>Ғайып ерен, қырық шілтен<br>Баланы қолдан демеді. |
| «Күлтегін» жыры | Жаратқаны жар болды,<br>Жау ішінде батырға<br>Тиіп жатты сансыз оқ<br>Сауытына сатырлап. |

Жырды оқытып, өз ойларын айтқыза келе жырда кездесетін ұқсас жерлері мен айырмашылығы туралы оқушылардың өзіндік жұмыс түрлерінің тағы бір түрін Қанипа Бітібаеваның әдістемелік кеңестеріндегі кестелеріне сүйене отырып, мына кесте арқылы оқушыларға өз ойларын саралатуға болады.

| Батырлар жыры | | Ұқсастығы | Айырмашылығы |
|---|---|---|---|
| «Алпамыс батыр» жыры | О<br>Қ<br>У<br>Ш<br>Ы<br>Л<br>А<br>Р | 1. Ерлік істері дәріптелген.<br>2. Халқының қамын ойлаған.<br>3. Ел үшін қалмақ ханымен шайқасады. | 1. Ауыздан-ауызға тараған, әр түрлі нұсқалары бар.<br>2. Бір ғана жүйрік аты болады.<br>3. Сүйген жары Гүлбаршын туралы баяндалады.<br>4. Жылдап емес айлап, айлап емес күн санап өседі. |
| «Күлтегін» жыры | Ж<br>А<br>У<br>А<br>Б<br>Ы | 1. Батырлық, ерлік істері дәріптеледі.<br>2. Елі үшін табғаш халқымен шайқасады.<br>3. Халқының қамын ойлаған ер. | 1. Тасқа қашалып, жоқтау түрінде жазылған.<br>2. Боз ат, Торы ат, Алып шалшы, Азман сияқты бірнеше жүйрік аттары туралы айтылады.<br>3. Жары туралы айтылмайды.<br>4. Халқы үшін 12 рет соғысқан.<br>5. Шындық өмірге жақын. |

Қазақ халқының салт-дәстүрі қашан да ескірмеген. Сонау дәуірлерде, бірнеше ғасыр бұрын халқымыздың санасына сіңіп, орындалып отырған. Сол салт-дәстүрлер қазір қайта жаңғырып, ұмытыла бастағаны қайта жаңаруда. Сондықтан әдет-ғұрпымызды, салт-санамызды бүгінгі ұрпаққа жете ұғындыру үшін әрбір өткен шығармалардағы салт-дәстүр түрлеріне де ерекше мән бергеннің де тәрбиелік мәні зор. Сондықтан ежелгі түркі ескерткіштері мен батырлар жырындағы халқымыздың әдет-ғұрыптары кездесетін тұстарын мәтіннің ішінен төмендегі кесте арқылы тауып жазуды екі топтың оқушыларына бөліп беруге болады:

| Батырлар жырының аты | Салт-дәстүр түрі | | Жырдан тауып жазу |
|---|---|---|---|
| «Алпамыс батыр» жыры | Бел құда болу, ұн жағу, қалыңдық ойнау. | О Қ У Ш Ы Ж А У А Б Ы | Екі бай сүйінші сұратып құда болды. Құйрық жеп, бетке ұн жағу солардан қалды. Және іргe басып қалыңдық ойнау солардан қалды. |

Осы сияқты кесте «Күлтегін» жырына да жасалды. Осындай ұлы ұстаздың сан түрлі әдістерін қолдана келе, тағы бір айтарымыз: топтық жұмыстар үлгісінде берілген шығарманы оқуда, үйретуде көркем шығарманы талдау, әдеби-теориялық ұғым беру. Осыны негізге алып жырдан екі топқа мысалдар беру арқылы өлең құрылысына талдау жасаттым.

| Негізгі мәселелер | «Күлтегін» жырынан үзінді | Буын саны |
|---|---|---|
| Суретті сөздерді табу.<br>Өлең тармақтарындағы буын санын ажырату. | Ішінде майлы қоңы жоқ,<br>Сыртында жылы тоны жоқ,<br>Аш-жалаңаш ел – жұртым,<br>Қабақтары тұнжыр тым. | 8<br>8<br>7<br>7 |

Ескерткіште де, батырлар жырында да қара сөздердің мол келетіндігін ескертіп, аралас, шалыс, шұбыртпалы ұйқаспен жазылғанын талдай келе, көрнекті ғалым Әлкей Марғұланның бұл ескерткіштегі жазулар «Эпостық әңгіме стилінде» жазылды деген пікірін негізге алдым. Осы екі жырға осылайша салыстырулар жасай отырып, балалар өз халқының тарихын, ерлік жасаған батырларды, халқымыздың байлығын, әр түрлі

шұрайлы жерлерді қалай қорғағанын, сол кездің өзінде де шекара болғандығын дәлелдейді.

Осындай ойлармен дәлелдетіп, сабақты толықтыра отырып, оқушыларды бұл жырлар ұлтжандылыққа, отансүйгіштікке, елін, жерін қорғай білуге үйретері, ойларына ой қосары сөзсіз. Біз қазақ тәңірге жалынған, аллаға және сайын далаға бағынған, оның құдіретіне табынған «Дала перзенті» атанған халықпыз. Мұның ең басты дәлелі осы жыр-дастандардан бастау алады.

Сол кезде өмір сүрген қазақ хандары, батырлары мен билерінің халықты сүюдің, оның жоғын жоқтап, мұңын мұңдаудың тамаша үлгілері еді. Олардың игілікті өмірі мен байлығы халықтың бақытын, салт-дәстүрін сақтап, дамытуға арналған. Халқына еңбегі сіңген, ұлттық рухымызды асқақтата көтеруге үлесін қосқан ата-бабаларымыздың есімі мен ісі тарихи жырларда мәңгі жырлана береді.

**А.МЕДЕШОВА,**
**М.Өтемісов атындағы**
**Батыс Қазақстан мемлекеттік**
**университетінің доценті,**
**педагогика ғылымдарының кандидаты.**

# ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҮКІМЕТ АЯСЫНДАҒЫ ҚҰЖАТ АЙНАЛЫМЫ

Қазақстанда ақпараттық қоғам үнемі тұрақты дамып келеді. Ақпараттық қоғамның ерекше белгілері:

- қоғамдағы ақпарат пен білім рөлінің өсуі;
- ақпараттық қарым-қатынас аукымының кеңеюі;

- ауқымды ақпараттық кеңістік құру.

Бұл ерекшеліктер а) халықтың тиімді ақпараттық қарым-қатынасын, ә) дүниежүзілік ақпараттық ресурстарға қол жеткізуін, б) ақпараттық өнім мен қызмет қажеттілігін қанағаттандыруын қамтамасыз етеді. Бұл үшін біздің елімізде электрондық үкімет құрудың бағдарламасы белгіленіп, онда инфрақұрылым және қызмет ауқымы, даму кезеңдері анықталған.

Электрондық үкіметті (ЭҮ, е-үкімет) қалыптастыру оның құрылымдық элементтерін анықтаудан басталады. Қазақстандық электрондық үкімет инфрақұрылымының негізгі құраушылары төмендегідей анықталады:

*1. ЭҮ порталы* азаматтар мен бизнес-құрылымдарға интерактивтік қызмет көрсетуге бағдарланған ведомстволық ақпараттық жүйелерге біртұтас кіріс нүктесін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

Үкіметтің азаматтармен, бизнес-құрылыммен өзара әсерлесуі біртұтас кіріс нүктесін жүзеге асыратын ЭҮ порталы арқылы ұйымдастырылуы қажет. Ең алдымен, азаматтарға және ұжымдарға мемлекеттік органмен қатынасу кезінде толтыруға қажет барлық құжаттардың үлгісін алуға, оларды толтыруға және баспаға шығаруға, берілген көрсеткіштер бойынша құжатты іздеу механизмдеріне мүмкіндік беретін электрондық қызметтің жиынын анықтап алу керек болады. Әр түрлі ведомстволардың ақпараттық жүйелері арасындағы хабарлама маршрутының қызметі және ақпараттық жүйелердің сәйкестілігін қамтамасыз ету мақсатында XML сызбаға сәйкес негіздеп, бұл хабарламаларды трансформациялау ведомстволар мен мемлекеттік басқару органдарының ақпараттық жүйелерімен портал арасындағы интерфейс болып табылатын Үкіметтік шлюз арқылы жүзеге асырылады.

*2. Куәландырушы орталық* ведомстволық ақпараттық жүйелердің қызметіне санкциялық мүмкіндік ашу, қауіпсіздігі қорғалған ақпарат алмасуды қамтамасыз ету және электрондық құжаттардың авторлығын дәлелдеу негізі болып табылады.

Куәландырушы орталық ЭҮ порталында қолданушының аутентификация процедураларын ұстану мен портал пайдаланушысының электрондық цифрлық қолтаңбасы ашық кілтінің жабық кілтке сәйкестігін тексереді, тіркеу куәлігінің нақтылығын растайды. Куәландырушы орталықтың міндеті Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының арасында қорғалған электрондық құжат айналымын қамтамасыз ету болып табылады.

Электрондық құжаттар ҚР-ның 2003 жылдың 7 қаңтарында қол қойылған (20.12.04 ж. N 13-III өзгертілген) «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Заңына сәйкес құқықтық мәртебеге ие болды.

*3. Ұлттық идентификациялы жүйе* өзара әсерлесуші субъектілерді идентификациялауға мүмкіндік береді.

ЭҮ-тің негізгі қызметтік құраушысы болып ұлттық идентификациялық жүйе саналады. Ол ақпарат алмасушы субъектілердің идентификациялау процедураларын жүзеге асырады. Қазіргі кезде жеке жәде заңды тұлғалардың тіркелуі мен идентификациялануы ведомстволық деңгейде жүргізіледі. Жеке идентификациялық нөмірдің құрамында жеке әлеуметтік код (СИК), салық төлеушінің тіркеу нөмірі (РНН) және т.б. кіреді. Жеке идентификациялық нөмір жеке тұлғаның дүниеге келген кезінде немесе ҚР-ның азаматтығын алған кезден беріледі. Үкіметтің азаматтарға, бизнес-құрылымға қызметін арттыру

үшін ақпараттық технологияға негізделген жеке куәлік енгізілуі керек. Оның құрамында ЭҮ порталында аутентификация процедураларының өтуіне арналған электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілтті тіркеу құжаты болады. Сонымен қатар, жеке куәлікте қосымша жеке ақпарат (жол жүргізу куәлігі, медициналық және төлемақы карталары және т.с.с.) және болашақта е-үкімет инфрақұрылымының негізі құраушылары қамтылады.

*4. Ортақ сақтандырылған транспорттық орта* ішкі ақпараттық жүйелердің өзара әсерлесуі мен қызмет етуін, жалпыға бірдей телекоммуникацияға шығуды қамтамасыз етеді.

Қазіргі кезде мемлекеттік органдар бір-бірінен тәуелсіз, өздерінің ақпараттық коммуникациялық жүйелерін құра алады. Интеграцияланған көп деңгейлі жүйелердің жұмысын басқаруға арналған мемлекеттік органдардың ортақ транспорттық ортасының болмауы корпоративтік коммуникациялық желінің құрылуына әкеліп соғады. Қазіргі технологиялар базасында ортақ ақпараттық қауіпсіздік саясатын іске асыру үшін мемлекеттік органдардың ортақ мультисервистік қорғалушы транспорттық ортасын құру шешілген.

*5. Ведомстволар мен жергілікті басқару органдарының ақпараттық жүйелері* – электрондық қызметті ұсынушы.

Кез келген ақпараттық жүйе ЭҮ архитектурасына сәйкес келетіндей етіп құрылуы қажет. Ұсынушы ведомствоның ақпараттық жүйесі оның қызметін айқын көрсетеді және электрондық қызмет көрсету шараларын қамтиды.

ЭҮ инфрақұрылымын құрайтын негізгі құраушылардың бірі -электрондық құжаттарды басқару жүйесі

(IDM – Integrated Document Management) азаматтардың өтініш, анықтама, хат, т.с.с. құжаттармен жұмысын, іс қағаздарды бағдарлауын іске асырады. Мемлекеттік секторда құжат бір мезгілде әрі іс-әрекет мақсаты, әрі өндіріс құралы болып табылады.

Құжаттар мен оны сақтау, іздеу, тасымалдау, ұжымдық өңдеу, қағаз бетіне басып шығару, қағаздан электрондық нұсқаға аудару сияқты қызметтер жүргізіледі. Құрылған немесе қабылдап алынған құжаттармен байланысты жұмыстар құжат айналымына енеді.

Құжат айналымы дегеніміз құжат құрылған немесе қабылдап алынған сәттен бастап аяқталғанға немесе тиісті орынға жөнелтілгенге дейінгі құжат қозғалысы. Құжат айналымын талдау барысында түрлі сандық және сапалық бағалаулар қолданылады. Сондай көрсеткіштердің бірі ретінде белгілі бір уақыт аралығындағы кіріс және шығыс құжаттарының саны саналады.

Қазақстанда электрондық құжат айналымын заңға сәйкес жүргізу, яғни, мемлекеттік органдардың іс жүргізу үрдісінің тиімділігін арттыру мақсатында ҚР мемлекеттік органдарының электрондық құжат айналымының біртұтас жүйесі (ЭҚАБЖ) 2007 жылы құрылып, жұмыс жасайды.



Электрондық құжат айналымы мемлекеттік органдар арасында ведомстволық және ведомство аралық түрінде іске асып жатыр. Ол үшін аталмыш жоба шеңберінде электрондық цифрлық қолтаңбаны қолданып жедел құжат айналымын құруға 67 ішкі жүйе қатысқан, оның екеуінен басқасы ведомство аралық құжат айналымын пайдаланады. Мыңдаған пайдаланушы оқитындықтан, жоба бойынша құжат айналымын шапшаңдатып қана қоймайды, олардың құрылымына, сапасына көңіл аударып, өзара тәжірибе алмасуды, бір-бірінен үйренуге де жол ашады. Жыл сайын жобаға қатысушылар саны артып келеді.

Бүгінгі күнде Қазақстандық электрондық үкіметтің инфрақұрылымы дамып жетіліп жатыр. Сондай-ақ, ЭҮ құру жұмыстары халық тарапынан кең қолдау тауып, оның әр түрлі бағыттары іске асырылуда. Бұл сөзіміздің нақты мысалы ретінде Елбасымыздың Интернет-конференция, электрондық сайлау, интерактивті байланыс сияқты тың идеяларды жүзеге асыруын қарастыруға болады. Осы мәселеге сәйкес біз өз жұмысымызда Қазақстанның азаматы ретінде болашақ мамандарды ЭҮ аясында жұмыс істеуге даярлау мен мемлекеттік қызметкерлердің кәсіби және ақпараттық құзыреттілігін жетілдіру мақсатында «Электрондық құжат айналымы және оның қазіргі жағдайы» атты дәріс ұйымдастырылады. Онда ЭҮ-тің инновациялық бағыттары мен инфрақұрылымды біліп қана қоймайды, құжат алмасудың облыс көлемінде Lotus платформасы негізінде жүргізілуі, телекоммуникациялық байланыс жасау икемділіктерін қалыптастыру көзделеді. Мәліметтер қорын құру, оларды тиімді пайдалану, құжатты сақтау, өңдеу, жөнелту, қабылдау тәсілдеріне тоқтала отырып, электрондық пошта, тікелей хабарласу,

бейнебайланыс ұйымдастыруға арналған компьютерлік бағдарламалар жұмысы демонстрацияланады. Тыңдаушылармен субъектаралық қарым-қатынас басшылыққа алынып, дәріс сағаттары интерактивті оқыту әдістері негізінде ұйымдастырылады. Мәселен, алдымен тыңдаушылардың ақпараттық құзыреттілік деңгейін анықтау үшін мынадай сауалдар қойылады: «Электрондық үкімет дегенді қалай түсінесіз?», «Электрондық құжат айналымы сіздің жұмысыңызда қалай қолданылады?», «Сіз өз қызметіңізде қандай компьютерлік бағдарламалармен жұмыс жасау қолайлы деп есептейсіз?», т.с.с. Бұл сауалдарға жауап әр түрлі және тыңдаушылардың деңгейлері түрліше екендігін байқатады. Бұдан кейін жауаптарға сәйкес дәріс материалдарын талдау презентация көмегімен жүргізіледі. Мысалы, төмендегі слайдтар бойынша түсіндіру ұжымдық әңгіме түрінде іске асырылса, соңғы суретте көрсетілген Батыс Қазақстан облыстық сайты және оны қолдану нақты мысал ретінде қамтылады.









Болашақ мамандардың осы бағыттағы мәдениетін қалыптастыру М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде корпоративті байланысты, ішкі құжат айналымын оқып-үйретуден бастау алады. Интернет-қызметтер (қонақ үйге, билетке сұраныс жасау, мәтін аудару); Интернет-банкинг; Ip-телефония (skype бағдарламасы, т.б.); жұмыс іздеу, әлемдік тәжірибелер, т.с.с. қарастырылады.

Мұндай игі істер мемлекеттік қызметкерлердің кәсіби және ақпараттық құзыреттілігін жетілдіріп, мемлекет азаматтарының бәсекеге қабілеттілігін арттыру мен мемлекеттік басқару жүйесін дамытуға өз үлесін қосары анық.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**


1. Об электронном документе и электронной цифровой подписи. Закон Республики Казахстан от 7 января 2003 года N 370-II (с изменениями, внесенными Законом РК от 20.12.04 г. N 13-III).

2. Уэбстер Ф. Теории информационного общества, М.:Аспект Пресс, 2004.

3. Хартман А., Сифонис Дж. Стратегии успеха в Интернет-экономике, М.: Лори, 2001.

4. Гейтс Б. Бизнес со скоростью мысли, М.: Эксмо-Пресс, 2000.

5. Делл М., Фридман К. От Dell без посредников. Стратегии, которые совершили революцию в компьютерной индустрии, М: Альпина Бизнес Букс, 2004.

**Еңлік ЖҰМАТАЕВА,**
**С.Торайғыров атындағы**
**Павлодар мемлекеттік университетінің**
**Ж.Аймауытов атындағы этнопедагогика**
**және инновациялық технологиялар**
**білімінің ҒПО директоры, педагогика**
**ғылымдарының докторы, профессор.**
**Бауыржан БЕЙСЕМБАЕВ,**
**С.Торайғыров атындағы**
**Павлодар мемлекеттік университетінің**
**аға оқытушысы, ізденуші.**

# СТУДЕНТТЕРДІҢ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Бүгінгі жоғары оқу орнына қойылып отырған талап, студенттердің қай мамандықты меңгерсе де, сол өзінің кәсіби құзыретін ұдайы ішкі интеллектуалды әлеуеті тұрғысында күннен күнге байыта беруімен ерекшеленуіне жұмылдыру болып табылады. Әлемдік және ТМД елдеріндегі инновациялық ұстанымның ең басымдығы студенттерді болашақ мамандығын меңгеру үдерісінде өзінің оқу және ғылыми еңбегін қатарынан алға жылжыту және оған өзін мәжбүр етіп жұмылдыру мәселесі алаңдатып отыр. Егер біздер «жұмылдыру» деген іс-әрекетті алсақ, оны Ресей ғалымдары бүгінде «мобильность» деген ұғым ретінде алғанын ескергеніміз жөн.

Студенттің ішкі интеллектуалды әлеуетін даму үдерісінде алға жылжытуын немесе оның қозғалыс

қарқынының ілгерілеуін алдын ала болжау – проблемалы іс-әрекет. Инновациялық технологиямен оқытудың бұл іс-әрекеті әр студенттің өздігінен білімін дамытуына қозғаушы күш ретінде жүзеге асырылады.

«Құқық негіздері» пәнін студенттерге игертудің бір қыры мемлекет мәртебесінің маңызын ұғатын дәрежеге жеткізу болып табылады.

Жұмылдыру іс-әрекетін жан-жақты қамту бір тақырып көлемінде мемлекеттік стандарт талабымен меңгерілуіне қандай инновациялық технология қолданылады? Бұл сауалға жауап: интерактив. Интерактив – студенттердің ішкі белсенділігіне түрткі болатын нысан. Студенттердің ішкі ойлау белсенділігін «Мемлекет» тақырыбы бойынша меңгертуді жобалау Қазақстан Республикасының МЖМБС 3.08 – Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына, 2006 жылғы құжатына негізделіп құрылады.

Бір тақырыптың өзі бірнеше ұғым бірліктерінің жүйесін трансформациялап, оның ішкі мазмұнын ашу мақсатында студенттерге бірнеше деңгейліктегі іздендіретін тапсырмаларды саралауға бағдар жасайтын дәрістер оқылуға мүмкіндік жасау әр оқытушы-профессордың жауапкершілігін айқындайды.

Егер студенттердің деңгейліктері репродуктивтік, эмпирикалық, эвристикалық, проблемалық-зерттеушілік, шығармашылық, креативтік секілді түрлерден тұрса, оқытушы-профессорлар осы деңгейліктерге сай келерлік сұрақтарды құруы көзделеді.

*Бірінші деңгей - репродуктивтік деңгей*. Студент хабардың басты мұратын ашпайтын қосалқы сипаттағы суреттеме ақпаратты қабылдап, жаңғыртады. (Ж. Аймауытовша, “Жұлма жад”, бүгінгі ұғымша

"қайталаным"). Басты нәрсені ажырата алмайды. Сондықтан оның мақсатын қоймайды. Жоспарлау алға қойылған мақсатқа қатыссыз жүзеге асырылады; өзін-өзі бақылауға әрқашан жүгіне бермейді.

*Екінші деңгей*. Студент хабардың жалпы мазмұнын қабылдайды, оны толықтырушы және тәртіптеуші ережелері арқылы басты мұратын жаңғыртады. Алдағы оқу-танымдық қызметте негізгі нәрсені ажыратады және осы негізде мақсат қойғанымен, оны тек міндеттерде нақтылайды. Мұның өзі жасалатын жоспардың толық еместігінен көрінеді; өзін-өзі бақылау кезінде бұл мақсатты ескереді, бұл жөнінде әрқашан да бірдей дәйекті емес, өзін-өзі бақылау нысандарын алуан түрлі етуге талпынады, бірақ оқытылатын материалдардың ерекшелігін әрқашан да бірдей ескере бермейді.

*Үшінші деңгей*. Студент хабардың ең басты идеясын қабылдап, жаңғыртады. Алдағы оқу-танымдық қызметтегі ең басты нәрсені айқын ажыратады және осыған сәйкес оның мақсатын қояды. Мақсаттар мен мінедеттерін ескере отырып, жұмыстың толық жоспарын жасайды. Жұмыстың мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес өзін-өзі бақылайды.

• Еріктілік компонент. Егер жеке тұлға белгілі бір ерік күшін жұмсамаса, білімді және әрекет тәсілдерін игеруге талпынғанымен, білімдердің белгілі жүйесін меңгере алмайды.

Сондықтан еріктік компонент танымдық ізденімпаздықтың ажырамас бір бөлігі болып табылады.

В.И. Селиванов: "... атқарудағы қиындықтарды жеңе білу біліктілігі - жеке тұлғаның еркінің дамуын бағалайтын негізгі өлшем", - деп қараған. Еріктілік компонент - сезімге байланысты категория. Студенттердің оқу-танымдық қызметінде айқынырақ көрініс табатын көрсеткіш ретінде

дәрістер мен семинар-тәжірибелік сабақтарда жұмыстың ынталы жүргізілуін, жұмыстағы оқудың дидактикалық негізінің жүйеге құрылуын (семестр бойына), танымдық қызметтің барлық түрлерін аяқтауға ұмтылушылық ұсынылады. Ерік күшінің қалыптасуы мынандай деңгейліктерге ажыратылады.

*Бірінші деңгей*. Студенттің таным барысындағы қиындықтарды жеңу жөніндегі ерік күші әлсіз көрініс табады; сабақтарда жиі маужырайды; жұмыстарын аяғына дейін жеткізуге табандылық жасамайды; алғашқы қиындық тап болған бойда-ақ жұмысты орындаудан бас тартады; ізденімпаздық жұмыста жүйелік көрсетпейді; тек семестрдің аяғында ғана қызу жұмыс істей бастайды.

*Екінші деңгей*. Студенттің ерік күші көп жағдайда көрініс табады; көптеген пәндер бойынша сабақтарда ынталы жұмыс істейді; жұмысты ақырына дейін жеткізуге ықыластанады, бірақ таным барысындағы елеулі қиындықтарға тап болғанда, тайқып шығады; семестр бойына жүйелі жұмыс істеуге бағыттайды; көбіне семестр аяғында жұмыс қыза түседі.

*Үшінші деңгей*. Студенттің ерік күші оқу-танымдық қызметінің барлық түрлерінде көрініс табады - барлық пәндер бойынша сабақтарда бүкіл уақыт бойына қызу жұмыс істейді; кез келген оқу жұмысын әрқашан да ақырына дейін жеткізеді: семестр бойына жүйелі жұмыс істейді. Н.А. Половникова танымдық міндеттерді шешу кезінде жасайтын қорытындының жинақтаушылық дәрежесі ретіндегі өлшем бойынша танымдық ізденімпаздықтың үш деңгейін жіктейді: көшіруші; жаңғыртушы-шығармашылық деңгей; құрастырушылық-шығармашылық деңгейлер.

Қорыта айтсақ, оқу мақсатын танымдық ізденімпаздықтың көшіруші, ішінара іздестіруші

және зерттеуші деңгейлеріне ажырату үшін негіздеп есептейді. Студенттердің оқу барысындағы көшірушілік және шығармашылық қызметінің табиғи бірлігі жүзеге асырылуы көзделеді.

Постиндустриалды Қазақстанның кеңістігіндегі алыс болашақтың танымдық ізденімпаздықтың деңгейліктерін сан қуалау немесе академиялы ұғымда жіктеу нәтижелердің толыққанды орындалуына мүмкіндік бере алмайтынына көзіміз жетіп жүр. Сол себепті бағдарламалап, модульдеп оқыту іс-әрекеттеріндегі тексеру жүйесі студенттердің ең жоғары деңгейлікке ұмтылуына қолайлы жағдай туғызады.

Байқампаздық филогендік парасат бағам жиюға бағыт жасайды. Бұл - білім мен ғылымның толықтығы мен ауқымдылығын қатарынан игеруге қозғаушы күш, негізгі тірек көздері. Студенттерге болашақ педагогтың тұлғалық келбетін, бітімдік компоненттері көрсетілген түрлі профессиограммалар әзірленді. К.К. Платоновтың әдіснамасы бойынша әзірленген технологиялық карта.

**І. Жеке тұлғаның жалпы педагогикалық сапалары:**

- жеке тұлғаның дамуына мирасқорлықтың, ортаның, тәрбиенің және түлектің өзінің белсенділігінің рөліне ғылыми-педагогикалық көзқарастардың дұрыстығы;
- меңгерген дидактиканың негізіндегі білімдерін “Ізгілікті” рубриканың сарынында қатысым құралдары (теле, бейне, радио, баспасөз) арқылы сыннан өткізіп, ісін ширатудың теориясы, тәжірибесі;
- жоғары оқу орнының гуманитарлы бағытындағы студенттерді өнеркәсіп пен мектеп өмірімен байланысын ынталандырудың тәжірибесі;
- әрбір студенттің іс-әрекеті мен танымдық қызметін ұйымдастыруда мемлекеттің рөлін арттыру, стратегиялық жоспарлаудың мәнін түсіну, оны білім және ғылым

мазмұны арқылы жүзеге асырудың модулі;

- жоғары білім саласындағы халықаралық ынтымақтастықты ұлғайтудың мәнін ұғудың маңызы, басқа елдердегі оқу кезеңдерін, жоғары білім туралы құжаттарын, ғылыми дәрежелері мен атақтарын және т.б. мойындау мәселелерін қамтуға ынталандырудың тәжірибесі.

Қорыта келгенде, стратегия - жоғары оқу орнының ең қажетті ұстанымы. Жоғары оқу орнының ішкі ұстанымынан гөрі мемлекет көздеген ұстаным жоғары. Бірақ тоталитаризм тұсында сыртқы мақсат-мүддені бұлжытпай орындаушылық белең алып, адамның шығармашыл ғылыми пайымы аяқ асты болса, жоғары оқу орнының оқытушы-профессорларының инновациялық ынта-ықыласы, жаңалығы мемлекет стратегиясын байытып, постиндустриалды Қазақстанның алыс болашағын өмірге салтанатты дәрежеде орнықтырады.

Стратегияның тірегі - стандартқа негізделген білім классификациясы (мамандандырылған). Аталған маңызды қадамды жүзеге асыру үшін білім деңгейін жіктеп, оқытудың әрбір саласын анықтап, оқу бағдарламаларының әрбір тобының ішкі құрылым -жүйесін біртұтастықта алып, нақты мамандыққа қатысты салалары шеңберіндегі жеке бағдарламаларында қарастырылады. Бұл жүйе қайта-қайта өнделіп, жаңартылып отырады.

**Жоғарыда берілген мамандық классификациясының формасы мен құрылымы төмендегідей:**

1. Концептуалдық негіз.
2. Айқаспалы классификацияның айнымалылары: білім түрлері; білім қызметін ұсынатын мекемелер; білім қызметін беретін орын; оқыту формалары; оқу бағдарламаларының бағдары; білім деңгейі; оқыту бағыттары.

Мамандық классификациясының мақсатында “Білім” термині білімнің мұқтаждарын қанағаттандыратын арнайы және жүйелі іс-әрекеттердің барлық түрлерін қамтиды. Бұл орайда “білім” термині ғылымды жүзеге асыруға есептелген, ұйымдасқан және демеуші қатысым құралын қамтиды.

Коммуникация [Communication] дегеніміз - ақпараттар (хабарлама, мұрат, білім, стратегия және т.б.) алмасатын екі немесе көп адамдардың арасындағы өзара байланыс. Ауызша немесе ауызша емес, тікелей (бетпе-бет) не қашық коммуникация болуы көзделеді.

Ілім дегеніміз - мінез-құлықтағы, құндылықтардағы немесе шеберліктегі кез келген жақсару.

Ұйымдасқан дегеніміз - формасы немесе бір ізгілігі бойынша тікелей немесе жанама мақсаттармен жоспарланатын әрекет.

Демеуші дегеніміз - ілімге ұзақтық және үздіксіздік элементтері тән болатынын білдіреді.

Білім деңгейі аталған мамандықтың квалификациясына негізделіп құрылады. Жоғары оқу орнының білім деңгейі оқу жоспарының типтік бағдарламасына негізделеді.

Бұл - бірінші блок. Әрбір курстарда студенттердің жүйемен сабақ кестесін құрастырады.

Арнаулы мамандыққа бағдарлаудың деңгейі төмендегідей жіктеледі: оқудың жалпы ұзақтығы; біліктілік түрі (университеттік дәреже);

ұлттық біліктілік құрамындағы орны. Міне, осы жіктемелердің мамандық меңгеруде ғылыми дәрежеге жетелейтін жағдайда жүзеге асырылуы көзделеді.

Аталған білім деңгейі жалпылық мәнде келеді. Ал оны белгілі пән тұрғысында жеке бөліп алсақ, ішінара ірі тараудың ұсақ бөліктерін жіктеп, оларды дидактикалық негіздің деңгейіне біріктіріп, ықтимал жауаптарды күні

бұрын құрып алу назарда болады. Блоктық жүйеде ықтимал жауаптар кездеспейді, ал модульдеп оқыту процесінде ықтимал жауаптарды жіктейді. Міне, осы жүйеде қанша зерттеу сұрақтары болса, соншалықты процентпен білім деңгейі межеленеді.

Танымдық ізденімпаздық - әр студенттің ішкі даярлығының деңгейіне байланысты әрекет. Бұл - оқытудың теориялық негізі. Танымдық ізденімпаздық іс-әрекетті нысаналы түрде ұйымдастыру көзделеді.

Танымдық ізденімпаздықтың мазмұнына Г.Н.Кулагиннің көзқарасы неғұрлым соны болып табылады. Бүгінгі студент болашақ мұғалім болған сәтте танымдық ізденімпаздығын қажетсінуді, іс-әрекетті жүзеге асыруды және оны ретке келтіруді ғана біріктіретін тек кәсіптік біліктілікті игеруге бағытталғаны дұрыс емес, себебі бұл ұғымның мазмұнын тым тарылтады деген құнды пікір айтады.

Зерттеушілер студенттерді оқыту процесіндегі танымдық ізденімпаздығы мен белсенділігін дамыту проблемаларын практикада шешудің түрлі жолдарын көрсетеді:

1. Танымдық іс-әрекеттің дербестігін қалыптастыратын өзіндік жұмысты ұйымдастыру мен оқу міндетін іріктеп шешу арқылы.

2. Танымдық іс-әрекеттің тәсілдерін дамыту арқылы.

3. Іс-әрекеттің бағдарланушылық негізін құрайтын жалпылама білімдерін енгізу арқылы.

4. Оқытуға әдістемелік білімдер элементтерін енгізу арқылы.

5. Оқу іс-әрекетін өздігінше бақылауды дамыту арқылы.

Жоғарыда жинақталып берілген талдаудан айқын көрініп отырғандай, танымдық ізденімпаздық мазмұнын бір аяда (әрекет, дайындық, білімділік) ғана ашуға

болмайтын күрделі ұғым болып табылады.

**1-жүргізуші:** - Армысыздар, зиялы кауым, қадірменді оқырмандар! Ежелден жыр мекені, байтақ Жетісу жері жыр салтанатының, поэзия мейрамының жақсы бір сәттерін басынан кешіргелі отыр. Өйткені бүгін ауданымыздың сардар ақыны, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Қазақстан Журналистер одағының Ұзақ Бағаев атындағы сыйлығының лауреаты, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Астананың 10 жылдығына арналған жыр мүшәйрасының бас жүлдегері, аудандық «Сарқан» газетінің бас редакторы Жомарт Мақатұлы Игіманның шығармашылық кездесу кешінде жүздесіп отырмыз. Ол өлеңге кезінде өз кредосын айқындап, былай деп енген болатын.

- Жазғандарым өтті ойдың елегінен,
Сыр тартамын ежелгі көне күннен.
Сүйсінемін халқыма-қазынама,
Маржандарын жоғалтпай бере білген.

**2-жүргізуші:** - Әзірше риза бол азға мына,
Шабыттың жанашыр бол маздауына.
Көңілім – шарайнама түскен бейне,
Өзгермей өзек болған жазғаныма, -

деген өлең жолдары ақынның келешекте өзінің талантына сене отырып, әлі де жазғанынан жазары көп екеніне үміттендіретіндей. Одан өмірдегі және өлеңдегі мінезі байқалады. Біз білетін Жомарт ағамызға тән мінез – ағынан жарылу. Оның елінен де, халқынан да, қала берді ағайын, дос-жараннан да жасырар сыры да, жыры да жоқ. Мұны оның әрбір өлеңінен аңғару қиын емес.

*«Ақтарылу» өлеңі.*

**1-жүргізуші: -** Кез келген дарын иесінің қалыптасуына, оның адами болмысына өзінің өскен ортасы, ұшқан ұясының әсері мол болатыны даусыз.

**- Сіздің ақын ретінде қалыптасуыңызға, поэзия еліне келуіңізге кімдер ықпал етті?**

**1-жүргізуші:** - Жомарт Игіман - Жетісу ақындарының бірі және бірегейі. Ол халқымыздың салт-дәстүрін, сөз қаймағын, ой мәйегін, сөйлеу мәнерін жете меңгерген, қанымызға, жанымызға сіңісті, тарихымызға қатысты мәселелерді, « Көкжиек», «Жүздесу» атты жинақтарынан кейін, «Саялы төрім - Сарқаным» атты көлемді тарихи еңбектерімен жүздескен адам, осы айтылғандардың ақиқаттығына көзін жеткізеді. Шығармалары негізінен лирикалық, философиялық тақырыптар жүйесіне құрылған.

**2-жүргізуші:** - Ақын өзінің өлеңдерінде туып-өскен жері Лепсі мен Сарқан өңіріне деген махаббатын жырлайды. Туған жері ақын шабытына шабыт қоса түсетіндей:

*«Туған жердің тұмасымын» өлеңінде ол былайша ақтарылады:*

...Өлең-сөздің іздеймін шын асылын,
Туған жердің тұп-тұнық тұмасымын.
Ел мұңынан менің жоқ басқа алаңым,
Жан сырымды алдында ақтарамын.

Осы кештің басында орындалатын ақынның «Саялы төрім – Сарқаным» атты өлеңіне жазылған ән халқымыздың сүйіп тыңдайтын әніне айналды.

*«Жетісу жерім-ай» өлеңінен үзінді.*

**1-жүргізуші:** - Ақын өлеңдерін оқып отырып, оны азамат ретінде де тани түсесің. Ол қоғамда болып жатқан кемшіліктер үшін күнәні басқа біреуге аударудан аулақ. Өзін қазақтың бар жауапкершілік ауыртпалығын иығына артар атпал азаматы деп есептейді... Оған біз ақынның «Тәуелсіздік туралы жыры» атты өлеңін оқи отырып көзімізді жеткізгендейміз.

*«Тәуелсіздік туралы жыр»өлеңі.*

...Еркіндігін алған елдің құсы биік ұшқанын
Көрген кезде дос қуанып, күйінсін бар дұшпаным!
Қазынаңды, ұл-қызыңды таныт төрткүл әлемге,
Атың мәшһүр болсын дәйім, менің Қазақстаным!

**2-жүргізуші:** - Ақын жырлары жеңіл-желпі оқып қоя салатын дүниелер емес, оның поэзиясы оқушысын философиялық ойға жетелейді.

«Үш ақыннан үлгі алған кемді күнде» триптих-естелігінде ақын:

- Үш ақыннан үлгі алған кемді күнде
  Талай-талай өткердік тойды бірге.
  Жұм-ағаң жоқ, өзің жоқ, Орекең жоқ
  Сыр ашамын еркелеп енді кімге? - деп ақын жүрегі Жұматай Жақыпбеков, Жамау Бұхарбаев, Ордаш Кендірбаев сынды қаламдас бауырлары мен достарын сағынады.

**- Жәке, ақын достарыңыз жайлы айтып берсеңіз.**

**2-жүргізуші: -** Енді әнге кезек берсек. Ақынның әні

- «Жүрегім мені жазғырды»

**1-жүргізуші:** - «Жігітке жеті өнер де аз» дегендей, Ж.Игіман ақындығымен қоса, жақсы журналист-публицист, әдебиеттанушы, тарихшы, сонымен бірге жастардың жанашыры болумен қатар, М.Төлебаев атындағы облыстық композиторлар конкурсының 2-ші орын иегері. Жана айтып өткеніміздей, Жомарт Мақатұлы аудандық «Сарқан»газетінің өз бет-бейнесін жасауда көп еңбек сіңіріп келеді. Жастар шығармашылығына үнемі қолдау көрсетіп отырады. Ауданымыздың талантты жастары ақынның тәрбиесінен өтті. Ақынның бұл еңбегі жастар арасында да өз бағасын алуда. Соның бір дәлелі Новопокровка орта мектебінің оқушысы Қалибекова Сабина ақынның шығармашылығына «Кіші ғылыми жұмыс» жазып жүр.

- Ән - «Сағыныш сазы».

**2-жүргізуші:** - Адамға ең бірінші тәрбие беру керек. Ақын өлеңдері «Тәрбиесіз берілген білім-азаматтың қас жауы» деп Әл-Фараби ғұламаның тәрбие қоғам дамуының тұтқасы екенін ескертуімен үндесіп жатады. Оған ақынның «Қызым, саған айтам» өлеңдер циклін оқи отырып, көзіміз жете түсетіндей.

«Думанға үйір болма дүрмекке еріп,
Не пайда бос жүргеннен күнді өткеріп?!
Үлкеннің алдын, жаным, кесіп өтпе,
Қарама қайманаға күлбеттеніп...

**- Ұмыт бола бастаған тіліміз бен дініміз қайта жанданып, халық өзінің құндылықтарымен қауышып жатыр. Осы орайда Сізге бір сауалдың реті келіп тұр.**

Қазіргі кезде осы құндылықтарымыздың жастар арасында насихатталуы қандай деңгейде және сол жастардың бойынан ұлттық салт-дәстүрлерімізді білсек, үйренсек деген құлшынысты байқаймыз ба?

**1-жүргізуші: -** Бүгінгі күні Жомарт Мақатұлы - жырсүйер қауымның ортасынан өз оқырмандарын тапқан ақын. Жетісудың жыр жұлдыздарының бірі Қуат Қайратбаев ағынан жарыла былай дейді:

Аз болып па ақынға өмір сұрағы,
Сұраққа ұқсап қу тіршілік тұр әні.
Жомарт деген кім деп егер сұраса,
Дер едім мен, «Жомарт - жырдың бұлағы!»

**2-жүргізуші**: - Өмірдің белесті бір асуына көтеріліп отырған ақынға жүректен шыққан жырларыңыз жүректерге жете берсін дей отырып, бүгінгі кездесуімізді ақынның «Жырымды оқып жүрсе дос ұнатып» атты өлеңіне жазылған әнмен кешімізді аяқтаймыз.

---

*Езутартар*

## ШАЛ МЕН БАЛА

Әбден қартайып, белі бүкірейіп, еңкейіп жүрген бір шалдан ойнап жүрген жас бала:

- Ата, не жоғалттыңыз? Не іздеп жүрсіз? - деп сұрапты.

- Жас шағымды жоғалттым, балам. Соны іздеп жүрмін! - депті шал.

## ҚИҚАР БАЛА

Баяғыда бір бала қозы жайып келе жатса, оған бір шал кездеседі:

- Балам, қозы кімдікі? - деп сұрайды шал. Бала:

- Ата, қозы қойдікі, - дейді. Шал ренжіп:

- Өспессің! - дейді. Сонда бала:

- Иә, әкем орта бойлы, дембелше боласың деуші еді, - депті.

Шал тағы бірде қиқар балаға кездесіп қалып:

- Шырағым, лақ жоғалтып, іздеп келем, көзіңе түспеді ме? - дейді. Бала:

- Көзіме түссе қарай ғой! - деп, шалға келіп, көзін ашып көрсетеді.

*(Тымпи. Құрастырған: Бейсембай Кенжебаев. А., “Жалын”, 1981 ж., 48-бет.)*

**Дәмеш ТОҒАЙБАЕВА,**
**Алматы қаласындағы**
**№166 «Арман» бөбекжай-**
**балабақшасының тәрбиешісі.**

# НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ

*(ертеңгілік)*

Роза Рымбаеваның орындауындағы «Наурыз айы туғанда» әнінің әуенімен ұлтық киімдегі балалар залға кіреді.

**Жүргізуші:**

- Армысыздар, халайық,
Бармысыздар, халайық!
Наурыз тойын жұп жазбай
Жылда қарсы алайық!
Мереке Наурыз - жыл басы,
Наурыз тойы құтты болсын!
Дендеріңіз сау, мықты болсын!
Аман-есен болайық!
Баршамызға тілегім - осы, халайық!
Жауын жауып, жер бетіне көк толсын,
Даламызға бұл жаңа жыл құт болсын!

**Мейрамбек:** - Амансыз ба?
Ұлыс оң болсын,
Ақ мол болсын,
Қайда барсақ жол болсын!

**Айдана:** - Аманбысың, армысың, халқым менің,
Ақтарған кең даланың алтын кенін!
Мереке - басы болсын мерекенің,
Ардақты Наурыз тойың, салтың, елім!

**Гауһар:** - Наурыз тойым, аңсап келем,
Ата-бабам жырлап келген.
Той думаның жалғассын деп,
Той бастарды жолдаймын мен!

**Бақыт:** - Көктем келді, Наурыз келді,
Жер көгерді, ел көгерді.
Дастарханын жайып дархан,
Жақсылық пен бақыт шашқан!

**Әлібек:** - Наурыз келді тойға ұласқан,
Наурыз тойы құтты болсын!
Жер көгеріп малға толсын,
Ырыс тасып берекелі,
Өмір сүрсін бақытты елім!

**Жүргізуші:** - Қашан да құт-береке ағылсын деп,
Тойларда шашу шашу салты елімнің!
Уа, халайық, теріп ал шашуыңды,
Қабыл қылсын халқымның ақ тілеуін!

*(Шашу шашылады)*

- Ал, халайық, тұрмайық,
Әндетейік, жырлайық.
Ортамызды ашайық,
Ырыс тілеп бұл жылға!

*Залға Наурыз аруы (Мадина) кіреді.*

- Есенбісіздер қырмызы гүлдей
Жайнаған, берекелі елім!
Армысыздар, балалар!
Тағы келдім сендерге,
Наурыз тойын тойлайтын,
Келіп жеттім елдерге.
Наурыз – айы көктемнің,
Жарқырайды көкте күн!
Сәбилерді қуантып,
Былтыр келіп кеткенмін!

Тіршіліктің бастауы -

Наурыз айы – мен болам!
Гүлге толы құшағы
Құлпырады кең далам!
Жапырақтары жайқалып,
Бақтар жасыл түске енді!
Тізбектеліп сән түзеп,
Жылы жақтан құс келді!

**Жүргізуші:** - Ортамызға жақсылық
Алып келген, Наурызым!
Төрлет бізге нұр беріп,
Шуақ шашып ақ жүзің!

Осы тойға келіп, айналаны гүлге ораған, Наурыз аруы, төрлетіңіз!

Қыздар тобының орындауында - «Қамажай» биі.

**Жүргізуші:** - Құлақтан кіріп бойды алар
Әсем ән мен тәтті күй!
Көңілге түрлі ой салар
Әнді сүйсең - менше сүй!, - деп Абай айтқандай, енді ән мен жырға кезек берейік.

**Ернұр:** - Асатаяқ, дауылпаз, сыбызғыдан,
Төгілген күй толқиды домбырадан.
Жырлайды қазағымның сырын шертіп,
Назды әуен, сиқырлы күй сырлы саздан.

*(Әндер орындалады)*

**Жарқынай:** - Қардыерітіп жылғасы,
Наурыз келді жыл басы!
Шуақ төкті жарық күн
Мейрамында халықтың!

**Мәди:** - Наурыз келді сүт болып,
Мына бізге құт болып!
Аққа аузымыз толады,
Бар жақсылық болады! *(Хор: «Наурыз»)*

**Жүргізуші:** - Балалар, енді біз «Кім алғыр?» ойынын ойнап, жұмбақтар жасырайық.

**Ернұр:** - Күрең қызыл түсі бар,
Тағамдардың асылы,
Қуат берер күші бар. *(таба нан)*

**Бақытжан:** - Ұрмай соқпай жылытады,
Әркім бірақ ұнатады. *(пияз)*

**Фариза:** - Әппақ талқан, ащы дәмі,
Онсыз кірмес ас нәрі. *(тұз)*

**Диана:** - Қос басы - жұмыр,
Жіңішке құбыр.
Ішіне жиған
Дәмі де шымыр. *(жілік майы)*

**Нәзік:** - Әппақ су, дәмі тәтті,
Ішсең сусын қандырады,
Шөлдегенде қатты. *(қымыз)*

**Гауһар:** - Мұз сынды түрі,
Тәтті дәмнің бірі. *(науат)*

**Мейрамбек:** - Ең мықты дәрі, жұрттың бәрі
Аңсап ішер, Бал татыр дәмі,
Бұл ненің нәрі? *(шұбат)*

*(Ән. «Кел, билейік».)*

**Жүргізуші:** - "Батаменен ер көгерер, жаңбырменен жер көгерер" дегендей, «Қыдыр атадан» бата күтеміз.

**Қыдыр ата:** - Көл жиналып тамшыдан,
Теңіз толсын қаңсыған!
Құт-береке кетпесін
Диқан менен малшыдан!
Бақыт ашып қақпасын,
Мәңгі-бақи жаппасын!
Пәле-жала қазақты
Іздесе де таппасын!
Бүлдіршіндер көбейіп,
Өркендей берсін жеріміз!
Батыр туған ерлермен
Көркейе түссін еліміз! *Әумин!*

**Бақыт:** - Бата беріп атамыз,
Бата беріп апамыз.
Тәтті болып жасалған
Наурыз дәмін татамыз.

**Жания:** - Ұлы күні ұлыстың
Күн мен түні теңелген!
Тәтті дәмі ырыстың -
Таттық наурыз көжеден!

Қуантып таныс құрбыны,
Бақыт тілеп қол ал да,
Не тілесең бұл күні
Орындалар сол алда!

**Жүргізуші:** - Көптен күткен Наурыз тойы арайлы,
Нұрға бөлеп жатыр, міне, маңайды!
Мал біткеннің бал татыған уызы
Қуат беріп қанымызға тарайды!

*«Наурыз» тойы әнінің сазымен қатарласып залдан шығып кетеді.*

*Жауынменен жер көгерер,*
*Батаменен ер көгерер!*

Құрдасыңа - қуаныш бол,
Сырласыңа - сынық бол!
Жылағанға - жұбаныш бол,
Туысыңа тұнық бол!
Татулыққа - тамаша бол,
Ықыласқа - иық бол!
Ана алдында аласа бол,
Ар алдында биік бол! *Әумин!*
Атаның наласынан сақтасын,
Баланың шаласынан сақтасын!
Ағайынның аласынан сақтасын,
Жамандардың жаласынан сақтасын! *Әумин!*
*(М.Есламғалиұлы. Ақ бата. 23-24 беттер.)*



**Шарапат ҚҰЛЖАНОВА,**
**Ақтөбе қаласындағы**
**№3 орта мектептің**
**қазақ тілі мен әдебиеті**
**пәнінің мұғалімі.**

# ҚАЗАҚТЫҢ ҚОЛӨНЕР БҰЙЫМДАРЫ

**Сабақтың мақсаты:** қазақтың қолөнер бұйымдарымен жақынырақ танысу, оларды бағалай білгізу. **Білімділік** – қазақтың әшекей бұйымдарының қолданылу ерекшеліктерін түсіндіру. Домбыра, қобыз сияқты қазақтың ұлттық аспаптарының пайдалану ерекшеліктерін ауызша және іс жүзінде жеткізе білу. Оқушыларды сауатты жазып, сұрақтарға орынды жауап беруге үйрету; **дамытушылық** – қазақтың қолөнер бұйымдары туралы түсініктерін кеңейте түсу, күнделікті өмірде пайдаларына жарата білу, түрлі сұрақтарға жауап беру арқылы оқушылардың сөйлеу тілін, сауатты жаза білуін, ойлау қабілеттерін арттыра түсу; **тәрбиелік** – оқушыларды еңбекке баулу және домбырамен күй өнерін тамашалата отырып, оқушыларды қазақ өнерін бағалап, құрметтей білуге баулу.

**Көрнекіліктері:** білезік, сақина, сырға (ескі, жаңа үлгідегі), сәукеле, құрақ көрпеше, қобыз, домбыра және олардың үлкейтілген суреттері, интерактивті тақта.

**Түрі, әдісі:** саяхат сабақ, ойын, сұрақ-жауап әдістері.

**Сабақтың барысы.** 1. Ұйымдастыру.

2. Мұғалімнің кіріспе сөзі.

3. Мұражайға саяхат жасау.

4. Мұражайдан алған әсерлерін сұрау.

5. «Қоржын той» ойынын ойнату.

6. Ребус шешу.

7. Сурет бойынша жеке жұмыстар.

8. Бекіту. Қорытындылау.

9. Үйге тапсырма беру.

10. Бағалау.

**1. Ұйымдастыру кезеңі.** а) Амандасу. ә) Кезекшімен сұхбат. б) Оқушылардың зейінін сабаққа аудару.

**2. Мұғалімнің кіріспе сөзі:** - Балалар, бүгін бізге сабаққа қонақтар келіп отыр.

- Балалар, қане, кім айтады, қазір қай ай?

- Қазір - наурыз айы.

- Дұрыс, қандай мейрам келе жатыр?

- Қазір Наурыз мейрамы келе жатыр.

- Наурыз қандай мейрам?

- Жыл басы.

- Наурыз мейрамында қалай киінеді? Қандай киімдер және тағы нелер болады?

- Әдемі, жаңа киімдер киеді. Қазақша киімдер киеді. Сырға, сақина, білезіктерін тағады. Ән айтады, би билейді, домбыра, қобызда ойнайды, т.б.

- Иә, дұрыс айтасыздар. Наурыз мейрамында домбырамен ән салып, күй тартады. Қазақтың дәстүрлері көрсетіледі. Түрлі қолөнер бұйымдары болады. Киіз үйлері тігіледі.

- Балалар, бүгін қазақтың қолөнер бұйымдарымен қысқаша танысасыңдар. Бұл заттарды мұражайға саяхат жасау арқылы танимыз, үйренеміз. Саяхат жасамас бұрын дәптерлеріңізге сабақтың тақырыбын жазып қоямыз.

- Сендер мұражайда болып көрдіңдер ме?

- Ақтөбеде қандай мұражайлар бар?

- Енді біздің мектебіміздегі қазақтың қолөнер бұйымдары мұражайына саяхат жасайық.

Мына заттардың жеке-жеке суреттерін интерактивті тақтадан көрсетемін: көрпе, сәукеле, білезік, сақина, сырға, домбыра, қобыз және ол заттардың өздері тақтаның басқа шетінде ілулі болады.

- Ал, бәріміз мұражайға келдік деп есептейік. Енді сіздерге мұражайды аралатып, қазақтың қолөнер бұйымдарымен таныстырып шығайын.

**1-слайд.** Мынау – **көрпе**. Бұл не үшін керек? Төсеніп отыру үшін, тоңсақ жамылу үшін қажет. Көрпелер әр түрлі болып жасалады. Әжелеріміз, аналарымыз өздерінің фантазияларымен түрлендіріп тіккен. **Қонақ, жәй, шай көрпе** деген сияқты түрлері көп болады.

**2-слайд. Сәукеле –** келіншектердің бас киімі. Оны ұзатылған қыздар және жанына ерген құрбылары киген. Сәукеленің негізгі бөліктері – тәж, төбе, құлақбау және артқы бойы. Сәукеленің төбесі қиық конус тәрізді болады. Ол өте биік болады. «Тәж» бөлігін асыл тастармен әшекелейді.

**3,4,5-слайд -** қазақтың зергерлік әшекей бұйымдары. Бұл әшекей бұйымдарды сәндік үшін таққан. Көбіне күмістен жасаған. Түрлі ою-өрнектермен әшекейленген. Қазіргі кезде де көп. Күміс, алтын сияқты қымбат металдардан жасаған.

**6-слайд. Домбыра** – қазақтың ең кең танымал музыкалық аспабы. 2 шекті, 9 пернелі. Ән-күй, терме, жырлар орындайды. Өздеріңіз қазір жиі көріп жүрсіздер. Қазақтың иісін шығаратын аспап.

**7-слайд. Қобыз.** Қобыздың түрлері көп. Ши, қыл, шаң қобыз, т.б. Орыстың скрипкасына келеді. Күй, жыр орындайды.

Әр суретке тоқталған сайын сол заттың түпнұсқасын да көрсетіп шығамын. Саяхаттың соңында балалардың қолдарына беріп көрсетемін.

**IV. Мұражайдан алған әсерлерін білу.**

- Сонымен біздер жаңа мұражайда болып келдік.

а) Онда не болды? Не көрдік?

ә) Осы заттардың сіздерде қайсысы бар?

б) Араларыңызда домбырада ойнай алатын бала бар ма?

**V. «Қоржын той» ойынын ойнату.**

- Балалар, қазір қандай мейрамның кезі?

- Дұрыс. Наурыз мейрамы. Бүгін бізде той. Тойға келген адамдар мына қоржыннан ұнаған затын сұрақтарға дұрыс жауап беру арқылы алуға болады.

Тапсырмалар: 1. Келіншектердің киімін ата.

2. Наурыз туралы өлең білесің бе?

3. Жер, ел, Отан, тіл туралы мақал айт.

4. Домбыра туралы өлең оқып бер

5. Білезік, сақина, сырға қандай бұйымдар?

**VI. Ребус шешу.** (Наурыз сөзі жасырылады) -

**На** (н) - (та)**у** - (қа)**р**(б)**ыз**

**VII.** Наурыз сөзімен сөздер құрғызу.

**VIII.** Суретпен жеке жұмыстар жасату.

1 қатарға – көрпе, білезік;

2 қатарға – сәукеле, білезік;

3 қатарға – қобыз, домбыра.

Осылардың суреттері беріледі. Оларды толықтырып бояп, сол заттарды қатыстырып 2-3 сөйлем құрату (жазбаша). 3-4 баладан сұрап, қалғандарының жұмыстарын жинап аламын.

**Бекіту.**

**-** Балалар, бүгін біз сабақта не үйрендік? Олар не үшін керек? Біз бұл заттарды үйрену мақсатымыз не? Сұрақтарға ауызша жауап аламыз.

**Үйге тапсырма беру.** 1. «Мұражайға саяхатта саған не ұнады, не ұнамады?» деген сұрақтарға жауап жазып келу; 2. Білезік, қобыз, домбыра сөздеріне фонетикалық талдау жасау.

**Бектас ҒАНИҰЛЫ,**
**Абай атындағы ҚазҰПУ-дың**
**аға оқытушысы, п.ғ.к.**
**Индира МҰРАТҚЫЗЫ,**
**Абай атындағы ҚазҰПУ-дың**
**1-курс магистранты.**

# ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ-ҚАТЫНАСТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҮЙЛЕСТІРУ АРҚЫЛЫ КОМПЬЮТЕРДІҢ АРИФМЕТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЛОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІН ОҚЫТУ

Білім берудің дәстүрлі педагогикалық технологиялары осы уақытқа дейін оқушыға білім берудің негізгі құралы болып келді. Ол құралдардың оқушыға білім беру мен олардың білімін бағалауда өз қызметін жеткілікті деңгейде атқарып келгені бәрімізге аян.

Ал, бүгінде әрбір оқушы ақпаратқа, қазіргі ақпараттық технологияларға назар салып қана қоймай, оны тиімді қолдана білуі, интернет, ғаламдық ақпарат жүйесін пайдалана алуы тиіс. Яғни, біз өмір сүріп отырған әлем – жаңару үстіндегі ақпараттық ілімдік орта. Олай болса, педагогикалық және ақпараттық-қатынастық технологиялардың үйлесуі білім беру үдерісінің қажетті деңгейіне қол жеткізуі тиіс.

Білім беру жүйесінің басты мақсаты – білім алушының оқу материалдарын толық меңгеруі үшін оқу материалдарының практикалық жағынан тиімді

ұсынылуына мүмкіндік беру. Бұл мақсаттарға жету жолында педагогикалық және ақпараттық-қатынастық технологияларды үйлестіру арқылы оқытуды пайдалануға болады, сонда педагог өзі білетін, өзі жақсы меңгерген, бейімделген техникалық құралдарды сабақта тиімді қолданады. Сондай-ақ, оқушы өзіне қажетті оқу материалдарын ақпараттық-қатынастық технологиялары арқылы іздеп таба отырып, толықтыра алады.

Білім беру жүйесіндегі педагогикалық технология және ақпараттық технология екеуі - синоним ұғымдар. Ал, жаңа оқыту құралдарын, жаңа әдістерді қолдануда информатика пәнін оқытудың жаңа бағыты пайда болды. Бұл жерде ақпараттың қағазға түсірілген түрінен электрондық түрге өтуін айтуға болады. Яғни, заман талабына сай қатынастық технологиялардың кең таралып, олардың адам өміріне жан-жақты әсерін тигізіп жатқанын байқаймыз. Осыдан телеқатынастық құралдарының қарқынды дамуынан, ақпараттық-қатынастық технологиялар ұғымдарының қалыптасқанын көре аламыз. Ақпараттық технологиялар тек педагогикамен ғана емес, гуманитарлық, техникалық, ауыл шаруашылық салаларымен де тығыз байланысты. Ақпараттық технологияларды оқу үдерісінде қолдану тек тұлғаның дамуына ғана жауап бермейді, оқушылармен сабақ жүргізудің формалары мен әдістерін кеңейтеді.

Ақпараттық-қатынастық технологиялардың қазіргі оқыту жүйесінде кеңінен пайдалану кезеңінде білім мекемелері негізінде білікті мамандардан, ақпараттық құралдар кешенінен, құжаттар айналымынан, мәлімет-тер қорынан және басқа да ақпараттық қамтамасыз ету элементтерінен тұратын біртұтас жүйе құру қажеттілігі

туындайды. Осындай жүйе құру кезінде, бір жағынан, ол уақыт барысында тұрақты өзгеріп отыратын объект екенін, екінші жағынан, мұндай жүйе білім мекемесінің барлық жұмыс түрлерін (оқу үрдісі, басқару, ғылыми, зерттеу) сүйемелдеуді қамтамасыз ете алатынын есепке алып отыру керек.

Оқыту жүйесінің элементтері: мақсаттар, мазмұны, әдістер, оқытудың құралдары мен ұйымдастырушылық формалары, сондай-ақ мұғалімнің қызметі мен оқушылардың қызметі өзара бір-бірімен тығыз байланысты екендігі мәлім. Ендеше, информатиканы әр түрлі технологияларды үйлестіре оқытудың жаңа құралдарын пайдалану жоғарыда айтылған элементтерге, соның ішінде мақсаттары мен мазмұнына да тікелей әсер ететіні сөзсіз.

Сондықтан да, информатика пәні бойынша жоғарыда аталған тарауды ақпараттық-қатынастық технологиялар көмегімен үйлестіре оқыту өзіндік оқыту мазмұны, мақсаты мен әдістемесін жасауды талап етері хақ.

Дидактикада оқытудың мазмұны мен мақсаттары басты мәселелердің бірі болып табылады. Білім берудің мақсаттары педагогикалық қызметте жүйе құраушы қызмет атқарады. Көп жағдай да оқыту мен тәрбиелеу әдістерін, құралдарын, мазмұнын таңдау мақсаттарды таңдауға тәуелді болады.

Бұл жұмыста оқытудың мақсаттары оқушылардың білімдеріне талап түріндегі оқытудың жоспарлы нәтижелері ретінде қарастыру ұсынылады. В.П.Беспалько кез келген оқулықта оқыту мақсатын ашып көрсету, соған сәйкес белгіленген мақсаттарға қол жеткізе алатындай дайындық болуы керектігін айтады. Сондай-ақ сол мақсаттарға қол жеткізуді бағалау әдістері де көрсетілуі керек.

Ендеше, информатика мұғалімнің ақпараттық-қатынастық технологиялар мен педагогикалық технологияларды сабақта үйлестіре пайдалануының мақсаты келесі түрде анықталады: алгоритмдік және эвристикалық танымдық қызметті жүзеге асыруға қажетті өзара логикалық түрде байланысқан пәндердің ғылыми түсініктер иерархиялық жүйесін оқушылардың игеруін қамтамасыз ету үшін аталған технологияларды үйлестіре оқытуды өздерінің кәсіптік қызметінде пайдалануды үйрену.

Оқытып үйретуді толық іске асыру үшін мұғалім мынаны білуі керек: ақпараттық-қатынастық технологиялармен жұмыс жасау және пайдалану; сабақта жобалау мәселелерін, тапсырмаларын қоя білу және шешу; білім сапасын анықтайтын алғашқы сынақтарды жүргізу; педагогикалық технологиялар мен ақпараттық-қатынастық технологияларды үйлестіре пайдалануды.

Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін оқу материалы мазмұнының дидактикалық және әдістемелік өңделуі қажет. Яғни, мектеп информатикасындағы «компьютердің арифметикалық және логикалық негіздері» тарауын оқытудың мазмұны технологияларды үйлестіре оқытуға сәйкестендірiлiп құрылуға тиіс. Ал оқыту мазмұнын анықтаудың ғылыми негізделуін көптеген атақты ғалым-педагогтардың еңбектерінен көруге болады.

Оқыту мазмұны төрт элемент бойынша анықталады: білім, қызметті жүзеге асыру тәжірибесі, оқушылардың шығармашылық мүмкіндіктерін дамыту, шындыққа эмоционалдық қарым-қатынасы. Яғни, дәстүрлі оқулықтардағы оқыту мазмұнының элементтерін көрсету келесі әдістер бойынша іске асырылуы тиіс:

білімдер негізінен мәтіндер түрінде; қызмет әдістері типтік - тапсырмалар түрінде; шығармашылық қызметті дамыту – шығармашылық тапсырмалар түрінде беріліп отырады; оқушылардың қажетті эмоционалдық қарым-қатынасы ақпараттық-қатынастық және педагогикалық технологияларды қалыптастыру есебінен қалыптасады.

Жаңа ақпараттық технологияларды қолдану негізінде оқыту мазмұнының элементтерін бөліп көрсетуді Т.Сергеева дамытқан болатын. Бұл үлгіде оқытудың мақсаты оқушыны жеке тұлға ретінде дамыту болып табылады. Білім мұнда мақсат ретінде емес, керісінше, оқушылардың жеке тұлға ретінде дамуының құралы ретінде қарастырылады. Т.Сергеева оқыту мазмұнының төрт элементін жүзеге асырудың ерекшеліктерін атап көсетеді. *Бірінші элемент* – білімдер жүйесі, мұнда оқушыға бір емес, бірнеше, мысалы: физика, математика, биология, химия, т.б. пәндер әлеміне енуге көмектесетін интегралдық сипаттағы компьютерлік бағдарламаларды жасау ұсынылады. Модельдеудің үлкен мүкіндіктері көрсетілген *екінші элемент* – оқушы меңгеруі тиіс репродуктивтік білімдер. Компьютер репродуктивтік білімдерді қалыптастырудың күшті құралы екендігі сөзсіз, *үшінші элемент* – шығармашылық білімдер. Оқыту жобалау әдісі бойынша жүргізіледі де, «жаңалықтарды ашу арқылы оқыту» идеясын дәріптейді, сондай-ақ қиын жағдайларды модельдеу жолымен оқытатын арнайы викиорталарды қолдану арқылы дамытылуы мүмкін төртінші элемент – оқыту мазмұны оқушыны жеке тұлға ретінде дамыту маңызы бар педагогикалық мәселе және ол жаңа ақпараттық технологиялар аясында оқытудың тұлғаға бейімделген үлгісін пайдалану арқылы тиімді шешілуі мүмкін. Алайда, ақпараттық-қатынастық және педагогикалық

технологияларды үйлестіре оқыту арқылы кез келген пәнді оқытуда алдыңғы орынға білімдерді қалыптастыру мәселесі шығады. Сол себептен біздің жағдайда «оқыту мазмұны, білімдер мен тәрбиені қалыптастырып, оқушыларға ұсынылатын тапсырмалар, жаттығулар кешені, оқулық ақпаратының мазмұны, құрылымы, құрамы» дейтін көзқарасты ұстанғанымыз жөн.

Ақпараттық-қатынастық және педагогикалық технологияны үйлестіре оқытудың өзіне тән ерекшеліктері бар. Мұнда міндетті түрде оқу материалының жүйелілігі мен құрылымдық-функционалдық байланысы қамтамасыз етілуі керек. Оқу курсының, егер оқу материалы жүйесіз және құрылымсыз болса, бағдарламалық жүзеге асырылуы қиындайды.

Білімнің әр саласында, әр ғылыми пәнде оқу материалының жеке компоненттерінің құрылымдық байланысын анықтаудың арнайы әдістері жасап шығарылуы қажет.

Оқу мазмұнын таңдаған кезде оқыту мақсаттарына сай болуымен қатар, оқытудың дидактикалық принциптерін ескерген жөн.

Ғылыми принцип оқыту мазмұнында бұрын қалыптасқан, дәлелденген білімдермен қатар, тиісінше, сол білім саласының жаңалықтарының болуын да талап етеді. Ғылыми принципті ескеру педагогикалық үрдісте информатикада ақпараттық-қатынастық және педагогикалық технологияларды үйлестіре оқытудың дидактикалық мүмкіндіктерін зерттеп білуге көмектеседі.

Информатика пәні бойынша арнайы курстың оқыту мазмұнын таңдау үшін ақпараттық-қатынастық және педагогикалық технологияларды үйлестіре оқытатын

орта жасау технологияларының кейбір жақтарын, сондай-ақ аталған орта жасаудағы оқушылардың қызметтерін де қарастырған жөн.

Информатика пәні бойынша ақпараттық-қатынастық және педагогикалық технологияларды үйлестіре оқыту үшін оқу матриалын таңдаудан бұрын оқушыға оқу тапсырмаларының сипаттамаларын орындау керек, оқу мақсаттарын анықтап, оларды операцияландыру керек (яғни, оқуды жақсы бітірген әркім орындай алтын операциялар арқылы берілуі).

Қорыта айтқанда, егер жалпы білім беретін орта мектептің информатика пәнінің негізі тарауларының бірі - «компьютердің арифметикалық-логикалық негіздерін» оқыту ақпараттық-қатынастық және педагогикалық технологияларды үйлестіру арқылы жүргізілсе, сабақтарды жүргізу жобалап оқыту әдісі бойынша іске асырылса, тапсырмаларды орындау топпен, жұппен жұмыс жасауға арналып ұйымдастырылса, онда оқыту нәтижесінде оқушылар қажетті білімді меңгеріп, уақытты үнемдеу есебінен білім беру сапасы артып, ақпараттық-қатынастық құралдарын шебер пайдалана алатын, сондай-ақ, ұйымшылдық, адамгершілік қасиеттерге ие тұлға қалыптасар еді.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Б.Ғ.Бостанов. Электрондық оқыту құралдары ақпараттық және қатынастық технологияларды оқу үрдісіне енгізудің негізгі құралы ретінде // бірлескен «Білім және ғылымдағы математикалық модельдеу мен ақпараттық технологиялар (БҒ ММАТ VI-2008)» атты VI халықаралық ғылыми-әдістемелік конференциясымен «Білім берудегі ақпараттық технологиялар (ББАТ-Қазақстан - 2008)» атты халықаралық ғылыми-практи-

калық конференцияларының материалдары. ІІ том. А., 2008. Б.80-83.

2. В.П.Беспалько. Педагогика и прогрессивные технологии обучения. М., 1995. 336 с.

3. В.П.Беспалько, Ю.Г.Татур. Системно-методическое обеспечение учебно-воспитательного процесса подготовки специалистов. М., Высшая школа. 1989. 141 с.

4. Т.Сергеева. Новые информационные технологии и содержание обучения // Информатика и образование. 1991. №1. С. З-10.

5. Т.А.Сергеева. НИТ и содержание обучения // Информатика и образование. 1991. №1.

**Резюме**

В этой статье говорится об особенностях обучении арифметических и логических основ компьютера с помощью интегрированного обучения информационно - коммуникационных и педагогических технологий. А так же сказано, что если вид обучения осуществится с помощью метода проектов и проведения урока организуется в паре и в групповой форме, тогда повысится эффективность обучения и улучшается качество знания обучающихся.

**Resume**

In this article it is told about features training of arithmetic and logic bases of the computer by means of the integrated training it is information - communication and pedagogical technologies. And as it is told that if a training kind to be carried out by means of a method of projects and lesson carrying out will be organized in steam and in the group form then to raise learning efficiency, and quality of knowledge of the trained improves.

**Айнұр ШАКИРОВА,**
**Алматы қаласындағы**
**№27 гимназияның**
**қазақ тілі мен әдебиеті**
**пәнінің мұғалімі.**

# МОДУЛЬДІК ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДАҒЫ ТИІМДІЛІГІ

Орыс аудиторияларында қазақ тілі пән ретінде оқытыла бастағанына да біраз жылдың жүзі болды. Әрине, кез келген нәрсені үйреніп, дөңгелетіп әкету бізге бастапқыда қиын болатыны анық.

Кезінде жіберілген олқылықтардың орны біртіндеп толып келеді. Көптеген жақсы оқулықтар, әдістемелік нұсқаулар, көмекші материалдар, жаңа технологиялар пайда болды.

Әр мұғалім өзінің іс-тәжірибесіне ықпалын тигізетін оқытудың тиімді технологиясын таңдап алуы керек. Сабақты жаңаша үрдіспен өткізу – оқушылардың білім сапасын арттырып, олардың шығармашылық және ойлау қабілеттерін дамытып отырады.

Модульді оқытудың негізгі мақсаты – оқушыларды әр түрлі соңғы әдістемелер арқылы ауызекі сөйлеуге үйрету, білім деңгейін тереңдету және жазба тілін қалыптастыру.

Оқу модулі қайта жаңғырушы оқу циклі ретінде үш құрылымды бөліктен: кіріспеден, сөйлеу бөлімінен және қорытынды бөлімнен тұрады.

Модульдік технологияның ең ұтымды жері – оқу барысында қандай нәтижені күтіп отырғаныңды алдын

ала жоспарлап, бүкіл оқу үрдісін сол бағытқа икемдеуге мүмкіндік береді.

Модульдік технология бойынша мұғалімнің жұмысы:

1. Оқушыларды оқу мақсатымен таныстыру;

2. Оқушыларды жалпы үлкен тақырып – модульмен таныстыру;

3. Сөйлесу арқылы оқушылардың жұмысын бағалау;

4. Бір тақырыпқа 4-7 рет қайталау жүргізу (жеңілден қиынға әдісі бойынша);

5. Бақылау жұмыстарын жүргізу.

Модульдік технологияны тиімді түрде қолдану оқушылардың білім деңгейінің сатысын көтереді, түрлі интеллектуалды сайыстарда, турнирлерде білім көрсеткішін жоғарылатады. Модульдік технологияда оқыту нәтижесінде сабақтарда оқушылар өз бетімен сабақ мақсатына шыға алады, танымдық әрекетке белсене араласады. Модульдік оқытуда жұмыс топтық, ұжымдық формада өткізіледі. Балалар өз жауаптарын өздері топта, ұжымда бағалайды. Сабақ ойын түрінде өткендіктен оқушылар шаршамайды, оқу қызметінен көбінесе жағымды эмоциялар алады.

Модульдік технологияның маңызды шарты – оқушылардың кез келген ғылыми көздерді, оқулықтарды, оқу құралдарын пайдалануына болатындығы, сондай-ақ ұйымдастырушы, көмекші, кеңесші ретінде мұғалімнен жедел кеңес ала алатындығы.

ИМОТ(интерактивтікмодульдікоқытутехнологиясы) сабақтың әр кезеңіндегі оқушылардың өз бетімен жасаған іс-әрекетін қолдану тәжірибесін талдауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ өздік жұмыс кезіндегі оқушы мен ұстаздың іс-әрекетінің алгоритмін құруға мүмкіндік береді немесе сабақтың әр кезеңінде өз бетінше жұмыс жасауды ұйымдастыру технологиясын істеуге жағдай

жасайды. Сонымен қатар өздік жұмыс жасау кезіндегі кездесетін мәселелерді шешуге, ұсыныстарды құруға, тақырыптарды дамытуға мүмкіндік береді.

ИМОТ оқушының ауызекі сөйлеу дағдысын, ауызша және жазбаша сауаттылығын, өз бетімен жұмыс жасау іс-әрекеттерінің нәтижесін көру, шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді.

Оқушының қазақ тілінде сауатты сөйлей білуіне, жазба тілінің қалыптасуына модульдік технологияны қолданудың маңызы орасан зор.

**Шынар ҚАЙЫРКЕНҚЫЗЫ,**
**Қостанай қаласындағы**
**«Озат» дарынды балаларға**
**арналған мектеп-интернатының**
**қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.**

# ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРДЫҢ ҚАБІЛЕТТЕРІН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Еліміздің жарқын болашағы, өзіміз қызмет істеп жүрген мектеп келешегі біздің ұстаздардың ізденісіне, балаларға деген сүйіспеншілігіне, кәсіптік деңгейіне байланысты екенін жақсы түсінеміз. Шындығында, мұғалімнің алдында оқушыларға білім мен тәрбие беруде үлкен жауапкершілік тұр.

Әрбір оқушыны оқытып, тәрбиелеуге байланысты мәселелерді өздігімен және шығармашылық ынтамен шешуге қабілетті жаңашыл мұғалім керек.

Оқушының білім сапасын көтеру - негізгі мақсат. Біз соңғы нәтиже сипатын, мектеп түлегінің білімділігі үлгісі арқылы құрдық.

Біздің оқушыға қойған талабымыз:

- қоршаған ортаны сезе білу, құбылыс себептерін іздене білу;
- ақыл парасатты игеріп, ойлау, сезім қабілеттерін арттыру;
- алдына мақсат қоя білу және оған жетуге ұмтылу;
- өзін - өзі талдауды, өзін - өзі бағалай білуді меңгеру;
- басқа адамдармен қарым-қатынас жасай білу, осы заманға сай технологияларды пайдалана білу (интернет, электронды пошта);
- қоршаған ортада өз орнынды, жеке рөлінді анықтай білу.

Сондықтан, мектеп мұғалімінің сапасын соңғы нәтижеге бағыттау керек. Көздеген мақсатымыздың нәтижесін көреміз, мұғалімнің кәсіби шеберлігін дамытуға қажетті жағдай жасау арқылы білімнің жаңа парадигміне өту тәртібі бойынша ғылыми-әдістемелік жұмысын ұйымдастыру.

Мектеп мұғалімдері шығармашылық жұмыспен айналысуға даяр болуы керек, нәтижеге жетуге ұмтылу қажет.

Ел Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына арналған Жолдауында "Біздің болашақтағы жоғары технологиялық және ғылыми қамтымды өндірістері үшін кадрлар қорын жасақтауымыз қажет" деген сөздері бар. Демек, оқушылардың ғылыми зерттеу жұмыстарына қызығуын қалыптастыру, шығармашылық қабілетін дамыту, қазіргі техниканы тиімді пайдалану мәдениетіне тәрбиелеу – мектептің

басты бағыттарының бірі. Бұл салада атқарылатын жұмыстар жетерлік.

"Баланың шығармашылық қабілетін ашу, оны алға қарай дамыту үшін, ең бастысы, жағдайлар жасау қажет".

Оқушының дарындылығының дамуы, қабілетінің ашылуы көбінесе мұғалімнің кәсіби біліктілігіне, және оның тұлғалық қасиетіне байланысты екені айдан анық.

Көбінесе "дарынды оқушы – бұл жақсы оқитын оқушы" деген пікір қалыптасқан. Белгілі ағылшын психологі П.Торранстың зерттеулері бұл пікірдің мұғалімдер арасында жиі кездесетінін анықтады. Оларға оқуда қиыншылық туғызбайтын, тәртіпті, ұйымшыл, білімді, тұрақты, ұғымтал, өз ойын нақты және түсінікті жеткізе алатын оқушылар көбірек ұнайды. Ал қисынсыз сұрақ қоятын, өз жұмысымен ғана айналысатын, тәуелсіз, көбіне түсініспеушілік туғызатын, қияли, әр нәрсеге көзқарасы бөлек оқушылар ұнамайды. П.Торранстың зерттеулері нақ осы қасиеттер оқушының шығармашылық дарындылығын көрсететін және оның нашар оқитын оқушылардың арасында да аз емес екендігін айқындаған. Сондықтан мұғалімдер осы зерттеулердің нәтижесін есте ұстағаны жөн.

Дарынды оқушымен жұмыстың негізгі мақсаты-олардың шығармашылық жұмыста өзінің қабілетін іске асыруға дайындығын қалыптастыру. Ал мақсатқа жету оқу бағдарламасын тереңдетіп оқыту және оқушының танымдық белсенділігін дамыту арқылы жүзеге асады.

Дарынды оқушымен жұмыс жүйесіндегі мұғалім маңызды орын алады. Оқушының болашақтағы мамандығына байланысты, яғни, кәсіби тағдыры тек қана жақсы мұғалімге байланысты.

Бұл контексте болашақ мұғалімді жаңашыл педагогтердің инновациялық тәжірибесін шығармашы-

лық ынтамен меңгеру және пайдалану арқылы даярлаудың келешегі зор деп ойлаймыз.

Жаңашыл педагогтер оқушының жеке тұлғалық абыройын барынша құрметтеуге, оның шығармашылық қабілеттері мен бейімділіктерін, өздігімен ойлау қабілетін дамытуға, жағымды эмоционалдық педагогикалық үрдісті қалыптастырып, одан педагогикалық зорлықтың барлық түрін аластатуға бағытталған ізгіліктік стратегиясымен сипатталады.

Олардың тәжірибесі мына ережелерге негізделеді:

- Оқытуды мұғалім мен оқушының өзара шығармашылық қарым-қатынасы ретінде қабылдау;
- Күрделі мақсат идеясы (оқушының алдына барынша күрделі мақсат қойылып, оны орындай алатындығына сенімін нығайту);
- Өзіндік талдау (оқушылардың жұмыс нәтижелерін жеке және ұжымдық талдау);
- Ерікті таңдау (мұғалімнің оқу материалының жақсы меңгерілуі мақсатында сабақ уақытын өз бетінше пайдалануы);
- Оқушылардың өзін-өзі шығармашылық басқаруы;
- Тәрбиеге жеке тұлға тұрғысынан қарау;
- Ата- аналармен ынтымақтастық құру.

Сонымен, жаңашыл педагогтердің инновациялық тәжірибесі тұлғаны дамытуда ізгілік және шығармашылық көзқарасқа негізделген әдістер мен жүйесін құрайды.

Мұғалімнің біліміне қойылатын талаптар:

- өзінің сабақ беретін пәнін мемлекеттік стандарт деңгейінен жоғары деңгейде білу;
- оқушы дарындылығының моделін білу;
- қазіргі заманға сай оқытудың жаңа

технологияларын білу;

- дарынды оқушыны оқыту, тәрбиелеу үрдісінде үлгірімге ғана көңіл бөлмей, оның басқа да көрсеткіштерімен байланысына да көңіл бөлу;
- дарынды оқушылардың ерекшелігін ескере отырып, оларға шығармашылықпен жұмыс жасайтын тапсырмалар дайындай білуі.

Мұғалімнің іскерлігіне қойылатын талаптар:

- дарынды оқушыны анықтау әдістерімен жұмыс жасай алуы;
- дарынды оқушыларды (жекелей және топпен) оқытуға арналған бағдарлама құрастырып, сонымен тұрақты жұмыс істей білуі;
- оқушы дарындылығын дамытуға қажетті зерттеу жұмыстарын жүргізе алуы;
- дарынды оқушыны оқытудың нәтижесін накты бағалай білуі;
- дарынды оқушының ғылыми-ізденіс жұмыстарымен айналысуына жетекшілік етуі;
- дарынды оқушыны олимпиадалар мен сайыстарға дайындауда жетістікке жете алатындай деңгейде жұмыс жасауы.

Сондай-ақ дарынды оқушылармен нәтижелі жұмыс жасайтын мұғалімнің кәсіби "бейнесі" мынадай қасиеттерден тұрады: жоғары кәсіби біліктілік, даралық қасиет, білімпаздық, ойлап табуға және ғылыми зертеу жұмысына қабілеттілік, кәсіби қызметін өздігінен жетілдіруге ұмтылушылық. Дарынды оқушымен жұмыс мұғалімнің өзіне, қызметіне және кәсіби біліктілігіне жаңа, жоғары талаптар қояды. Тіпті, оның кәсіби жетілуіне өзгеше емтихан болып табылады.

Ұлы ойшыл Плутарх кезінде былай депті:

"…Көптеген табиғи талант дарынсыз ұстаздардың

кесірінен жойылып кетеді. Олар дарынның табиғи құбылысына терең бойлай алмай, тұлпарды есекке айналдырып құртып тынады”. Міне, ұстаз осындай келеңсіздікке жол бермеуі керек.

Оқушылардың шығармашылық қабілетін арттырып, ынталандыру үшін сабақтарды мынадай жолдармен өткізуге болады:

1. Сабақта кең көлемде көрнекі құралдарды пайдалану;

2. Сабақты түрлендіріп өткізу;

3. Сабақта оқушылар өздері жасаған суреттер, схемаларды пайдалану;

4. Техникалық құралдарды тиімді қолдану;

5. Сабаққа қатысты бейнетаспаларды, фильмдерді көрсету.

Қорыта келгенде, О.Бальзактың “ұдайы еңбек ету-өнердің де, өмірдің де заңы” дегеніндей, оқушылардың шығармашылық қабілеті мен белсенділігін артыруда мұғалімге үнемі ізденуді, тұрақты еңбек етуді міндеттейді.

Әрине, атқарылған істер аз емес. Дегенмен, әлі де болса бізді ойландыратын, толғандыратын істер жетерлік. Атап айтқанда, олар – білім сапасын арттыру, оқушылардың біліміне, ойлау қабілетіне сай деңгейлеп оқыту, ғылыми-ізденіс қабілеттерін қалыптастыру, т.с.с. Өйткені, XXI ғасыр- білімділер ғасыры. Ендеше, бізге ой өрісі жоғары дамыған, зерделі, жан-жақты парасатты ұрпақ керек екенін бір сәтте естен шығармағанымыз жөн.

**Берік ТАЛАСБАЕВ,**
**Талғар қаласындағы**
**№44 орта мектептің мұғалімі.**

# БАЛА СҰЛТАН

*(6-9 сыныптарда оқитын ер балалар арасындағы сайыс)*

**Мақсаты:** ер балаларды халықтық дәстүрлерді, әдет-ғұрыпты, тарихты қадірлеуге тәрбиелеу, ұлтжандылық, патриоттық сезімдерге баулу, танымын байытуға, мықты болуға талпындыру.

**Көрнекілігі:** хан сарайы, үлкен үй өсімдігі, нақыл сөздер.

**Жоспар:**

*I. Сайыскерлердің өзін - өзі таныстыруы.*

*II. Спорттық сайыс (гир көтеру).*

*III. Білім сайысы (салт-дәстүрге байланысты, тарих, қазақ әдебиеті, орыс тілі, ағылшын тілі пәндерінен бір - бір сұрақтан келеді).*

*IV. Өнер сайысы (қолынан келетін өнер түрлерін көрсету, өлең оқу, ән айту, би билеу, күй тарту, т.б.).*

*V. Шешендік өнер: 1.Ақыл. 2.Достық. 3.Ұят.*

*4. Жақсы тәрбие. 5. Бақыт. 6. Махаббат.*

*VI. Тапқырлық сайысы (мақал-мәтелдің жалғасын тауып айту.).*

**Сабақтың барысы**

*1-көрініс*. Мұңды саз естіліп тұрады. Ортада хан көрінеді. Ойлана жүріп, таяғына таянып тұрады.

**Автор:** - Ерте, ерте, ертеде... тобықты елін басқарған

Әділ есімді хан өмір сүріпті. Мыңғырған малы, дәулеті тасыған ақылды да абыройлы ханның жүрегін үнемі жүдетіп жүретін бір зары болыпты: жетпіс жасқа жеткенше бір баласы тұрмай шетіней берген, шетіней берген... Әділ ханның «Артынан бір ұрпақ ерсе ғой» деген бір арманы, бір тілегі, бір үміті бар еді...

*Жылдам күй естіледі. Кішкентай бала жүгіріп келеді.*

**Бала: -** Сүйінші, халқым, сүйінші!
Қуаныш нұрлы құйылшы!
Аңсап ойлап күткен күн,
Маңдайға жұлдыз біткен күн!
Думандат жыр бағынды,
Ән бұлағы ағылды.
Ақ түйе қарны жарылды,
Мұрагерің табылды.[1]

*Осы кезде ақ жаулықты аналар құндақтаулы нәрестені ханға әкеліп береді. Шашу шашылады. Хан әкесі сәбиін шаттана аспанға көтеріп, былай дейді:*

- Ұлым!
Сен жігіт болсаң егер ер тұлғалы,
Алдыңда белгілі көп жол тұрмағы.
Қиындыққа шыдай біл, төзе көрме
Жалған сөз айтса біреу ел туралы!
Тасқынның қабаттаса толқындары
Мүмкін ғой жартастың да солқылдауы!
Ерлерше Отаныңды сүйе білгін
Жаман сөз естімесін сен туралы !!!

*Сенің атың - Бейбарыс! Сенің атың - Бейбарыс!*
*Сенің атың - Бейбарыс! Сенің атың - Беибарыс!*

***2- көрініс.*** Дауылпаз дауысы. Уәзір теріге жазылған хан жарлығын халық алдына оқып береді.

1. Мақалада пайдаланылған барлық өлеңдердің авторы - Нұрлан Ақсамбиев.

**1-уәзір: -** Уа, халайық, жарандар! Мынау жомарт елімізге, кең байтақ жерімізге ие болар мұрагер келді дүниеге! Сәбиді ақылды да айбарлы, білімді де білекті, өнерлі әрі жүректі, шешен әрі көсем жігіт болып ер жетуі үшін хан өзінің қартайғанын ескере отырып, ұлына ұстаз әрі сенімді серік болатын бала табылып жатса, оның алдағы өміріне барлық жағдай жасалады деп уәде етеді. Бірлігі бекем еліміздің тірлігін берік сақтайық десеңіздер - асығыңыздар, ағайын!

***3- көрініс.***

**Автор: -** Тобық хандығына қарасты алты шаһардың халқы өз ішінен мықты деген алты баланы таңдап жібереді.

**2-уәзір: - Дат, тақсыр!**

**Хан: - Датың болса, айт!**

**2-уәзір: -** Мәртебелі хан ием!

Бұйрығыңыз бойынша алты шаһардан жүзден жүйрік озып алты бала келіп тұр!

**Хан: -** Кірсін, ендеше!

**2-автор: -** Келбетіне қарайық, тамсанайық,
Қошемет көрсетейік, жар салайық
Кешегі сал - серінің ұрпақтарын
Дуылдата қол соғып, қарсы алайық, -

дей келе, бүгінгі байқаудың кейіпкерлері ақылына парасаты сай, көркіне білімі сай бала сұлтандарды ортаға шақырамыз. Қошемет, ағайын!

**Автор: -** Шын жүйріктер сыналады жарыста,
Жарыстың ба, орта жолда қалыспа!
Әділқазы бағалайды сіздерді,
Жеңіс мәре жақын ба әлде алыс па?

Таудай биік жігіттердің талабы,
Тұрыстары көңілдерге қонады.
«Тура биде туған жоқ» дегендейін

Қазылардың қисаймасын қаламы, - деп көпшілікті әділқазы алқасымен таныстыра кетейік.

**2-автор: -** Әділқазы алқасының төрайымы. Әділқазы алқасының мүшелері:

1. 2. 3. 4. 5. 6.

**2-уәзір: -** Хан сарайының бағында ерекше жеміс беретін тал өсіп тұр. Балалар, қалаған жемістерінді үзіп алыңдар, жемістің ортасында сан бар. Ол сан - сендердің сайысқа түсетін реттік нөмірлерің.

**Автор: -** Сонымен, реттік нөмірі бойынша байқауға қатысушы бала сұлтандар.

1. 2. 3. 4. 5. 6.

**2-автор: -** Атам қазақ шежірені жаттаған,
Кей ісіне қуанам, мақтанам.
Ауыртпалық, қиын кезең болса да,
Салт-дәстүрді карашықтай сақтаған!

Өзгелерден оқ бойы асып тұрған,
Уақыт - керуен алдыға асықтырған.
Жеті атаға толғанша қыз алыспай,
Қазекең ғылымыңнан асып туған.

Атқарамыз алда талай көп істі
Келеді өсіп өрелі ұрпақ өрісті.
Сай тасындай сұлтандарым тұр мынау,
Ақылына парасаты келісті!

Шалдықпасын, шаршамасын қос өкпе,
Өзіңді әркім шынармын деп есепте!
Тегін білу - тектіліктің белгісі
Қанша жерден біз қазақпыз десек те!

**1-уәзір: -** Таныстырсын өздерін!

**2- уәзір: -** Тамылжытып сөздерін!

**Автор: -** Сонымен, әділқазылардан бала сұлтандардың бағасын сұраймыз.

**2-автор: -** Өнер десе ішкен асын ысырған,
Жатына да жайып сырын ұсынған.
Аспандағы аққуға да үн қосып,
Сезімнің нәзік құсын ұшырған.
Өнерсіздік қашаннан-ақ елге сын,
Болсын дәйім қуаныштар көл - көсір!
Күй тартылып, би биленіп дәл қазір,
Әсем залды әсем әуен тербесін!
*Сәкен Тұрысбековтың күйі - «Көңіл толқыны».*

**1-уәзір: -** Хан ием! Ең әуелі бұлардың мықтысын байқап көрейік.

**Хан: -** Байқасақ, байқайық.

**Автор: -** Біреулер болашаққа бал ашып жүр,
Біреулер атақ - даңққа таласып жүр.
Ақыл мен парасатты тең ұстаған,
Жігіттер уақыттың бағасын біл!
Өн бойлары буырқанған бұрқасын,
Күш -қуаты шыдам бермей тұр тасып.
Бұлшық еттер бұлтылдайды бұлқынып,
Көтереді сұлтандарым кір тасын.

**2-автор: -** Құрметті әділқазылар екінші сайыстың бағасын беріңіздер.

1. 2. 3. 4. 5. 6.

**2-уәзір: -** Уа, Хан ием! Көрші хандықтан өнерпаздар келіпті, Өнерін тамашалайық.

**Хан: -** Өнерліге - өріс кең! Тамашалайық!

**Автор: -** Оқушының орындауында - «Достарым» әні.

**2-автор: -** Ал, балалар, сайысқа қалайсыңдар,
Сендер өтер әлі де талай сын бар.
Білімді бір тексеріп көрейік біз,
Жауап қатсаң сұраққа, жарайсыңдар!

*Қазылар алқасынан парақтарды таңдап алып, сұрақтарға жауап береді.*

**Автор: -** Қазылар алқасынан білім сайысының бағасын сұраймыз.

1. 2. 3. 4. 5. 6.

**2-автор: -** "Ән - көңілдің ажары, күй - көңілдің базары" дегендей, кезекті әнге берсек.

*Оқушының орындалуында бір ән орындалады.*

**Автор: -** Өнер менен білімде
Әркімнің өз жолы бар.
Сайысарлық бүгінде
Өзіндік дара үні бар, -

дегендей, ал, жігіттер, өздеріңді өнер сайысында көрсетіңдер демекпіз.

**2-автор: -** Осы сайыстың бағасын берсеңіздер.

1. 2. 3. 4. 5. 6.

**2-автор: -** Топ бастаған көсем аз ба қашаннан,
Қол бастаған батыр аз ба жасанған?!
Орақ ауыз, от тілді шешендерім
Телісінің тентек ісін баса алған!

Жақсылықты бойына жыйып көптен,
Қанға сіңген қасиетті үйіп төккен.
Сөзге тоқтап, жөн-жосықты түсініп,
Сөз өнерін қашанда биіктеткен!

*Келесі кезекте - шешендік өнер сайысы.*

**Автор: -** Құрметті әділ қазылар! Өнер сайысының бағасын сұраймыз.

**Автор:** - Келесі кезекте сайыскерлердің дүниетаным кеңдігін, тіл байлығын, сөз саптауын сынға салайық. Әділ қазылар алқасының алдында бір - бір сөз жазылған парақтар бар, таңдап алып, сол бойынша ойларыңды жеткізе біліңдер.

«Сөйле, тілім, жосылып, ақыл мен білім қосылып», қане, бастайық.

**Автор: -** Шешендік өнер сайысының бағасын сұраймыз.

**Хан:** - Жас көңілдер жайнасын,
Шешен тілдер сайрасын!
Мың бұралып билесін,
Бишілерім, қайдасың?

**2-автор: -** Би - «Қамажай».

**Автор: -** «Соңғы түйенің жүгі ауыр», - деп атамыз қазақ бекер айтпаған. Ер жігіттерге сыналар сәт енді туды десек асыра айтқандық емес.

**2-автор: -** Мағаналы, мәнді болсын күндерің,
Болашаққа естілсін өр үндерің!
Рухани уыздың жөні бөлек,
Артық болмас мақал-мәтел білгенің.

Кезекті мақалдан тапқырлық жарысы, яғни, мақалдың екінші жолын айту.

**Автор: -** Тапқырлық сайысының бағасын білсек деп едік.

**1-уәзір: -** Әділ ханның ұлына серік болар бала кім болды екен? Әділ қазылар төрелігін айтсын. Бір оқушы «бала сұлтан» атанады.

**Автор: -** Балалардың барлығына риза болған Әділхан былай деп бата беріпті.

**Хан: -** Жас ұрпақ өмірлі болсын,
Тұрмысы көңілді болсын!
Ата - анаға мейірлі болсын!
Өнер - білімге зейінді болсын!
Халқым деген жүрегі болсын,
Жұртының қамқор тірегі болсын!
Абыройы өрлесін,
Еш жамандық көрмесін! Әумин!

**Автор: -** Осылай сегіз қырлы, бір сырлы Бейсетәлі Тілек есімді бала Тобық елінің «Бала сұлтаны» болып барша мұратына жетіпті.

**Айгүл СӘЛІМҚЫЗЫ,**
**Нұрдана ӘБІЛЖАНҚЫЗЫ,**
**ұстаз-тәрбиешілер.**

# КӨГІЛДІР ОТ

*(6-9 сынып оқушыларына арналған жаңа жылдық кеш)*

**Мақсаты:** оқушыларды әдемілікке, ұжымдыққа, әртістік қабілеттерін дамытуға, танымдық көзқарасын, ой-өрісін кеңейту, берілген тапсырмаларға жауапкершілікпен қарауға үйрету.

Міне, келді жаңа жыл жерімізге,
Әкелсін құт-береке елімізге!
Жақсылық пен қуаныш жылы болып,
Қиындық жолатпасын бәрімізге!

Қуаныш пен шаттыққа кенелейік,
Бәрімізде дөңгеленіп, би билейік!
Төрле, төрле халқымның құтты жылы,
Ән шырқап, жаңа жылмен тербелейік!

- Қош келдіңіздер, құрметті ұстаздар мен ата-аналар және оқушылар! Бүгінгі Жаңа жыл мерекесі құтты болсын, жаңа жыл жаңа бақыт, жанұяларыңызға бақ-береке әкелсін!

**1-жүргізуші:** - Көгілдір оттың күшімен,
Ұлы алланың ісімен,
Жаңа жылды қарсы алайық
Отырған үлкен-кішімен!

**2-жүргізуші: -** Біздерде ойын-сауық басталады,
Тамаша күй тартылып, ән салады.
Қошеметтеп, қол соғып отырайық,
Ұмытарсыз жыл бойғы шаршағанды.

**1-жүргізуші: -** Бүгінгі сіздерге арналған «Көгілдір от» атты ойын сауық кешімізді бастауға рұқсат етіңіздер. Ән шашуды қабыл алыңыздар. (Ақбота Темірлан жаңа жыл туралы ән) .

**2-жүргізуші: -** Бұрыннан болған екен Аяз ата,
Тосады екен балалар қысқы уақытта.
Ақшақарды қасына ертіп алып,
Жер бетін шарлайды екен дамыл таппай.

**1-жүргізуші: -** Бәріміз қосылып барлық ниетімізбен, даусымызбен Аяз ата мен Ақшақарды ортаға шақыралық.

*Аяз ата мен Ақшақарды ортаға шақырамыз. Бірақ олар әлі келмейді. Осы кезде Мыстан кемпір кіріп келеді. Кішігірім көрініс.*

**Мұғалім:** - Оу, балалар, мынау мыстан кемпір ғой! Сонда біздің Аяз атамыз бен Ақшақарымыз қайда жүр екен? Сені кім шақырды? Біздің Жаңа жыл мерекесіне арналған кешіміздің шырқын бұзбай, өз жөніңмен кет, қане!

- Не дейді! Аяз ата мен Ақшақарды қамап қойдық дейсің бе? Оңбаған! Қазір мен сенің сазайыңды тартқызайын.

Мұз ханшайымы қайдасың... Мұз ханшайымы! Мына бұзақы біздің мерекеміздің шырқын бұзбақшы. Аяз ата мен Ақшақарымызды қамап ұстап отырмыз дейді, бір шарасын қолдансаңыз деймін.

**Ханшайым:** - Жаңа жыл келді, міне, жерімізге,
Әкелсін құт береке елімізге!
Жақсылық пен қуаныш жылы болып
Қиындықты жолатпасын бәрімізге!

- Ал, енді, балалар, біз көптен тосқан Аяз ата мен Ақшақарды ерекше қарсы алайық, мүмкін, содан кейін келіп қалар! (шырша жағылады)

*Аяз ата мен Ақшақарды ортаға шақырады.*

- Балалар, бастауыш сыныптарда оқып жүрген уақытта «шырша» жырын айтушы едік қой? Қане, еске түсіріп көрейікші (қолдарынан ұстап Аппақ, аппақ...)

*Ақшақар қарларымен өнер көрсетеді.*

**Ақшақар: -** Қардан шыққан аппақпын,
Сұлу айдай қиылып,
Жаңа жылмен құттықтап,
Сәлем берем иіліп!

**2-жүргізуші:** - Хош келдіңіз, Аяз ата, хош келдіңіз Ақшақар!

**Аяз ата:** - Балаларым, балғыным,
Өмір гүлім, шалғыным,
Тілегім жыл бойғы
Сендердің денсаулығың!

- Амансыңдар ма, балаларым? Орман-тоғайдан, үскірік аяздан сендерге зорға жеттім. Өздеріңді көргенше асықтым. Осы қаланы аралап, қызымыз екеуміз сендерге жеткенше уақыт осы болды. Әкелген базарлығым бар. Сендердің өнерлеріңді тамашалап, бір демалайын.

- Иә, иә, демалыңыз, ортаға отырып, балаларыңыздың өнерін көріп, базарлығыңызды дайындаңыз. Бізге қонаққа теңіз қарақшылары келіп қалыпты, қанекей, ортаға шақырайық (6 “а” сыныбы)

**1-жүргізуші: -** Жаңа жылда алдағы
Көңіл өсіп кеңейсін!
Ортақ ойы арманның
Жақсы дәстүр кеңейсін! -
деп кезекті ән мен биге береміз.

Бізде қонақта - Айдос Айтыбаев. «Жаралы жүрек» әнімен. Әні, сөзі: Аманқос Жұмағалиев.

**2-жүргізуші: -** Жаңа жыл келіпті ортамызға,
Мол дастархан сыйласын баршамызға!
Таусылмасын бақыт пен құт-береке,
Жақсы тілек тілейік ұл-қызымызға! -
дей отыра, кезекті әнге берейік (Нұрзат - «Аппақ қар»)

**1-жүргізуші: -** Жаңа жылды тойлайды екен адамдар,
Жаңа жылда айтылады тілек пенен баталар.
Жануарларда қалыспайды жаңа жылды тойлаудан,
Көрейікші қалай ғана қарсы алады екен аңдар?!

*Ендігі кезекте - жаңа жылды аңдардың қарсы алуынан көрініс (6 "б" сынып)*

*(Аяз ата мен Ақшақардың сөзі)*

**Мұғалім:** - Ал, енді, Аяз ата, біздің балаларымыз биылғы шырша мерекесіне әр халықтың өнерін көрсетуге келіпті. Қарсы алайық! 7-сыныптар (қазақ, өзбек, сыған)

**2-жүргізуші:** - Әрқашан да ойыннан жалықпаймыз,
Әрі қарай самғаймыз, қалықтаймыз!
Ойын ойнап көңілді көтерейік,
Шырқап көңіл, ары-бері шарықтаймыз!

*Қазір сіздермен әр түрлі ойын ойнаймыз.*

**1-ойын.** Шырша ойыны (әр сыныптан бір-бір баладан ортаға шығарып, сұрақ қоямыз). Біз әр баланың қасына жеке барып қандай сұрақ қойсақ та сіздер "шырша" деп жауап бересіздер. Жауаптан жаңылыспау керек. Және сөзімізге күлмей әдеппен жауап береміз. Ойын шартын бұзған оқушылар болса, ойын тәртібін бұзды деп шығарылады. Сонымен сұраққа көшейік:

1. Атың кім?
2. Нешедесің?
3. Сынып жетекшің бар ма?
4. Қай мектепте оқисың?
5. Жаңа жыл мерекесі ұнай ма?

6. Досың кім?

7. Жалғыздықтан қорқасың ба?

8. Сабақта үлгерімің қандай?

9. Қай жерде тұрасың?

10. Тәрбиешіңнің аты кім?

11. Қай сыныпта оқисың?

12. Қыс несімен ұнайды?

**1-жүргізуші: -** Көгілдір, мөлдір аспан тұнық қандай,
Өзіңменен түпсіз терең сыр ұққандай!
Жамылып Ақшақарды жатыр өлкем
Ауасын еркін жұтып, тыныққандай! - дей отыра, Үндістаннан келген қонақтарды ортаға шақырамыз. (8-сынып)

**2-ойын.** Олай болса, балалар, ойынымыздың екінші түріне көшейік. «Боксерлер қолғабы» деп аталады. Ойын шарты: ұлдар үрлеген шарды алып, боксер қолғабымен ұрып жару керек. (ортаға 2-3 ұлдар шығады)

**2-жүргізуші: -** Көңіліміз көктемдей боп көктесін,
Жанымызға жаманшылық жетпесін!
Жаңа жылға жаңа қадам басайық,
Әрқашан да берекеміз кетпесін! - дей отыра, ортаға шет елден келген қонақтарымызды шақырамыз. (9-сынып).

**3-ойын.** Думан сиқыр.

**1-жүргізуші: -** Келесі кезекті әнге берейік (Айдана, 8-сынып. «Бір тілек» әні)

- Ал, енді, ортаға тағы қандай балалар өз өнерін көрсетер екен, қанеки, тамашалап көрейік.

**2-жүргізуші: -** Қане, балалар, Аяз ата мен Ақшақарды бәріміз хормен шығарып салайық.

**Балалар: -** Сау болыңыз, Аяз ата, сау болыңыз, Ақшақар!

**1-жүргізуші: -** Бәрекелді, орындарыңызға жайғасыңыздар. Көрдіңдер ме, әр сыныптың өнерін, өнерсіз деп айта алар ма оны кім?! Қане, олай болса, шақырайық ортаға Қазақстан эстрада жұлдыздарын (пародия Айдос Айтыбаев ән шашу - «Айтшы маған»)

**2-жүргізуші: -** О, неткен тамаша, неткен өнер. Сіздер білмеген, біз білмеген өнерлі азаматтарымыз бар екен ортамызда. Рахмет! Қошемет көрсетейік, балалар.

**1-жүргізуші: -** Ескі жылға құрметпен
Алғысымыз, мың алғыс!
Жаңа жылды қарсы алайық
Бір-бірімізге тілеп мол табыс!

*(барыс жылын шығарып салу, 6 "б" сынып оқушысы)*

**2-жүргізуші: -** Әр жаңа жыл - бір белес,
Келешектен үміт күт!

*(қоян жылын қарсы алу, 6 "б" сынып оқушысы)*

**Автор:** - Осымен жаңа жылды қарсы алдық. Енді біз бір-бірімізге тілек айтпаймыз ба?

Олай болса, әр сынып оқушыларынан бір баладан шығарып, тілектерін естісек (әр сыныптан бір-бір баладан шығып, өз тілектерін айтады)

Ендігі кезекте біздің мектеп-интернатымыздың директоры Клара Төлешовнаға сөз кезегін берсек.

Айдос Айтыбаев пен Данияр Әбдіхалықовтың орындауында әсем ән: «Ойлашы мені». Әні, сөзі -Аманқос Жұмағалиев.

**1-жүргізуші: -** Осымен сіздерге арналған «Көгілдір от» атты ойын-сауық кешіміз аяқталды. Келесі кездескенше қош, сау болыңыздар! Амандықта жүздесейік! Әрбір жанұяға береке-бірлік, шаттық-қуаныш, бақыт тілейміз!

**Мая ТҰРСЫНҚЫЗЫ,**
**Талғар қаласындағы**
**облыстық санаториялық үлгідегі**
**мектеп-интернатының мұғалімі.**

# ЖОЛ ҮСТІНДЕГІ ЖОЛАУШЫ

*(Тақырыптық конференция)*

**Мақсаты:** академик Әлкей Марғұлан туралы түсінік беру, оқушылардың ой-өрісін кеңейту, елжандылыққа баулу, әдеби-шығармашылықтарын дамыту.

**Ләззат:** - Еңбегі ерен ерін ел таза мақтар,
Ақ батасын береді дана қарттар.
Халқыма қалтқысыз қызмет еткен
Қазақта аз емес-ау, азаматтар! - дей келе, біздің бүгінгі «Жол үстіндегі жолаушы» атты тақырыптық конференциямызды ашуға рұқсат етіңіздер.

**Әлия:** - Бүгінгі біздің тақырыптық конференциямыз: заманымыздың заңғар ғұламасы – академик Әлкей Марғұланға арналып өтеді.

**Әсия:** - Әлкей Хақанұлы Марғұлан! Ол сияқты азаматтар дүниеге адам жанының сұлулығын, ой-өрісінің кеңдігін, тереңдігін, елге, Отанға деген махаббаттың биік әрі шексіз екенін, шынайы ғалымның іші қазыналы кең сарай, ақылы сара екендігін паш етуге келетін сияқты.

**Дамира:** - Ұлы адамдар күнде туа бермесе керек. Социологтар айтқандай, ел тағдырын қара табан тобыр шешпейді. Халықты, қоғамды бастайтын – ойдың, ақылдың адамдары. Солардың қадір-қасиетін түсінген, оларға ере білген ел ғана – бақытты.

**Меруерт:** - Иә, дұрыс, айтасын, Дамира, мен сенімен келісемін. Жапонның «Сони» фирмасының іргетасын қалаушылардың бірі Акио Морита мырза кітабында былай деп жазған екен: 1945 жылы Хиросима мен Нагасакиде екі атом бомбасы жарылғанда еліміздің соғыста жеңілгенін, халқымыздың тағдырына үлкен қауіп төнгенін түсіндік. Бізге ең бірінші келген ой, қайткенде де ұлтымыздың ең талантты адамдарын сақтап қалу болды», - деп жазған екен. Ал, біз болсақ, жақсыларымызды сақтай алмадық.

**Медет:** - Бірақ, Әлкей Хақанұлы, Мұхтар Омарханұлы, Қаныш Имантайұлы - сұрапыл өрттен біздің бақытымызға кездейсоқ аман қалған даналар. Бір өкініштісі, Әлекеңдер бүгінгі күнді, құрсаудың қираған күнін, еркіндік алғанымызды көре алмай өтті. Бауырын жазып шаба алмады, іштерінде айтылмаған небір арман кетті.

**Ләззат:** - Ендігі сөзді аудандық балалар кітапханасынан келіп отырған Қарбозова Сәуле Өскенбайқызына берейік (С.Өскенбайқызы Әлкей Марғұланның бала кезі туралы, өмірбаяны, жазып шығарған еңбектерін көрсетіп, баяндама оқып, көрермендердің сұрақтарына жауап береді).

**Әлия:** - Саналы өмірін еліне, жеріне қызмет етуге арнаған халқымыздың біртуар ұлы Әлкей Марғұлан – қазақ халқының этностық тарихын, материалдық және рухани мәдениетін ғылыми тұрғыда өте терең және кең ауқымда зерттеген үлкен ғұлама. Бұған оның түрлі ғылымдар саласынан жете меңгеріп, лингвистика, филология, өнер, тарих, археология пәндерінен ойына тоқыған қыруар білім, таным қорларының молдығы көмектескендігі сөзсіз.

**Мұғалім:** - Бүгін бізге Тұрғанбаева Әйгерім деген

қызымыз «Заманымыздың заңғар ғұламасы, академик – Әлкей Марғұлан» атты баяндама дайындап келіпті.

*(Әйгерім баяндамасын оқып, оқушылардың қойған сұрақтарына жауап береді.)*

**Ләззат:** - Ғалымның көп еңбектеріне қорек болған - студент шағынан күні бүгінге дейін жиып-терген, әлі де шырыны кетпеген, терең үңілуді, жан-жақты зерттеуді қажет қылатын түпнұсқа материалдардың өзі академиктің архивінде ұлан-ғайыр боп шықты.

**Нұрлан:** - Әлекеңнің болжамы бойынша, шыға қалған күнде барлық еңбегі он екі томға жуық: «Мені біраз жұрт таза археолог деп ойлайды, шынында, ғылымға жолды алдымен әдебиеттен бастаған едім» ,- деп қойды Әлекең өзінің бір сөзінде.

**Үміт:** - Айтса айтқандай, Әлекең әдебиетпен айналысқан екен. Сондықтан болашақ томдардың дені әдебиетті зерттеу мәселелері болуы да орынды. Мысалы, Қорқыт, Ер Төстік, Манас, Қозы Көрпеш сияқты көне дүниеден келе жатқан жыр-дастандарды зерттеуі: «Қыпшақ заманындағы қазақтың батырлық эпосы» атты Мәскеудегі Ленин атындағы кітапханада сақтаулы, көлемі қырық баспа табақ докторлық диссертациясы, әдебиет пен тіл, тарих пен этнография тақырыбындағы 15-19 ғасырлардың қолжазбалар жинағы. Ол туралы ойлар, пікірлері, тұжырымдары, әдебиеттен, өнер петроглифтерді сипаттаудың, зерттеуін ескерсек, Марғұланның қазақ өнері тарихындағы үлкен орнын аңғарамыз.

*Мұғалім «Ежелгі мәдениеттер» кітабын көрсетіп, Әлкей Марғұланның зерттеу жұмыстары туралы үзінділерін оқып берді, оқушылардың салған суреттерінен жасалған көрмені көрсетті.*

*Сексенбаева Әсия «Қазақ тарихы» журналынан*

*«Қорқыт ата» туралы жазылған зерттеу жұмысы туралы айтып береді.*

**Әлия:** - Ұзақ жылдар бойы Әлекең Шоқанның еңбектерін басып шығарумен айналысты. Жүз жыл бұрын өткен адамның әр жерде шашылып жатқан, тіпті, кейбір қолды болған еңбектерін жинап, замандастарының өзі оқып шыға алмаған қолжазбаның мағынасын ашу – асқан табандылықты, ерлікті, даналықты керек етті. Ал, оған санаулы өмірдегі қаншама уақыт кетті.

**Мақпал:** - Әлекең Шоқан еңбектерін қаз қалпына келтіріп қана қойған жоқ, байыпты зерттеді. Шығу тарихын, ой түсінігін көпке ұқтырды. Көп қайраткерлер туралы естеліктері – бәрі де мәдениетіміздің алтын қоры емес пе?

**Дамира:** - Иә, дұрыс. Мысалы, «Ежелгі жыр - аңыздар» жинағында «Бөрі басты ту» деген үзіндісінде былай деп жазған екен (Үзіндісін оқып берді). Осыған байланысты мен сіздерге мына сұрақты қойғым келеді:

1. Жыр, аңыз дегеніміз не?
2. Бүгінгі күнде жалпы жыр-аңыздардан қандай тәрбиелік қасиеттер бойымызға аламыз?
3. Қазіргі өмірмен аңыздардың сабақтастығы бар ма? Сіздер қалай ойлайсыздар?

Көрермендер қойылған сұрақтарға толығынан жауап берді: *жыр-аңыздардың мазмұнын, байлығын, сөздерінің шешендігін, болашаққа үміттендіретін жыр-аңыздарды оқығанда көз алдымызда тарихты елестетеміз.*

**Азиза:** - «Өнер» баспасынан халықтың қолөнеріне арналған үш томдық кітабы шықты. Бұған қоса Қарқаралы, Баянауыл, Ерейментау, Ұлытау, Байқоңыр бойындағы тас мүсіндердің, таңбалардың тарихы

мақалаларына түр, түс, өң, нәр берді. Өскен ортасын сипаттап, барлық пікірлес, мақсаты бір жолдас-жораларына дейін тауып, халық ұлының өшіп бара жатқан ұлы бейнесін жаңғыртып, патриоттық үлкен қызмет атқарды.

**Исабек:** - Әлкей Хақанұлы Марғұлан сияқты үлкен ғалымның қалтқысыз көңіл, адал ниетін, өз әңгімесінен де аңғаруға болады: *«Мен өмірімнің ең жеміс беретін шағын, қайрат-қуат мол жылдарын Шоқанды әлемге танытуға арнадым. Мүмкін сол себепті кезектегі өзімнің еншімнен қағыс қалған шығармын, көкіректе сайраған талай ойлар бар еді. Бірақ өкінбеймін. Шоқан - көп адамдар өмірін арнауға тұратын жан. Ол өте алғыр, көптеген ұшқыр ойдың иесі еді, оның еңбегін ұрпаққа түгел жеткізбеу обал болатын болды»* деп айтқан екен.

Әлекеңдей Әулие адамның көп арманы орындалған жоқ. Ол кісінің еңбектері осы күнге дейін жарық көрмей жатыр.

**Мұғалім:** - Әйгерім бізге Әлкей Марғұланның «Даланың жарық жұлдызы» деген Шоқан Уәлиханов туралы жазылған кітабынан үзіндісін оқып береді.

**Әлия:** - Шоқан Уәлиханов бойындағы ұлы қасиеттердің бірі: өмірін де, білімін де, асқан дарынды талантын да туған халқының игілігіне жұмсады. 30 жас жасаған ғұмырында Шоқанның география, этнография, тарих, әдебиеттен зерттеу жұмыстарын жүргізіп, осы ғылымдарға өзінше зор үлес қосты. Менің сұрағым бүгінгі күнге байланысты: Қазіргі жастардың арасында Шоқандай адамдар бар ма? Сондай арман-қиялдар бар ма екен?

**Мұғалім:** - Әлкейдей Әулие адамның көп арманы орындалған жоқ. Ол кісінің еңбектері осы күнге дейін жарық көрмей жатыр.

**Каниза ДАУЛЕТОВА,**
**учительница школы-интерната №8**
**г.Алматы.**

# НАРУШЕНИЯ ЧТЕНИЯ У МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ С ЗАДЕРЖКОЙ ПСИХИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ И МЕТОДЫ КОРРЕКЦИИ

*(начало в предыдущих номерах)*

Большой интерес для своего времени представляло исследования О.Ортона, который в 1937 г опубликовал работу, посвященную расстройствам чтения, письма и речи у детей. Ортон подчеркивал, что в основе нарушения чтения у детей лежит неспособность составить из букв слова. Он назвал эти затруднения алексией развития. Термин «алексия развития» или «эволюционная дислексия», больше соответствовал описываемым в литературе слугаем нарушения чтения у детей с задержкой развития некоторых психологических функций. Ортон сделал вывод, что алексия развития у детей вызывается не только моторными затруднениями, но и нарушениями сенсорного характера. Нарушения чтения чаще всего Ортон наблюдал у детей с моторными недостатками, у левшей, а также у детей с нарушениями слуха и зрения.

Из ранных работ отечественных авторов следует остановиться на работах клиницистов-неврапатологов Р.А.Ткачева и С.С.Мнухина.

Анализируя наблюдения над детьми с врожденными нарушениями чтения, Р.А.Ткачев сделал вывод, что

в основе алексий лежат мнестические нарушения, т.е. нарушения памяти. Ткачев обьясняет проявление алексий слабостью ассоциативных связей между зрительными образами букв и слуховыми образами соответстующих звуков. При этом интеллект является сохранным. Это нарушение, по мнению Ткачева, вызывается влиянием наследственных факторов.

Автор указывает, что при алексиях в процессе чтения отличаются следующие нарушения:

- Неспособность сосчитать количество букв в слове;
- Неумение составить слова из букв этого слова, данные в беспорядке;
- Неумение прочитать даже короткое и хорошо знакомое слово, в котором пропущены или переставлены буквы.

В результате анализа наблюдений Мнухин сделал вывод, что при врожденной алексии отличаются целый ряд и других расстройств, которых не являются случайными, а возникают на общей с нарушениями чтения и письма психопотологической основе.

Мнухин считал, что в подавляющим большинстве описанных или слугаев алексиии аграфии наблюдается наследственная отегощенность различной степени выраженности, алкоголизм, психопатии, эпилепсия родителей, тяжелые реда, родовые травмы. Описаны и семейные случаи этого нарушения. В 30-х г.г XX столетия вопросы нарушения чтения привлекли внимание психологов, педагогов, дефектологов.

В современной специальной литературе для обозначения нарушений чтения используются в основном термины: алексия – для обозначения полного отсутствия чтения;

Дислексия, дислексия развития или эволюционная дислексия – для обозначения частичного расстройства

процесса овладения чтении, в отличие от тех слугаев, когда акт чтения распадается, например, при афазиях, в результате тех или иных поражений коры головного мозга.

Существуют разные определения понятия «дислексия». Например, М.Е.Хватцев определит дислексию как частичное расстройство процесса чтения, затрудняющее овладение этим навыком и ведущие ко многим ошибкам во время чтения.

Особенностью дислексических ошибок является их типичность, повторяющийся характер. Ошибки чтения могут быть и у хорошего чтения по причине утомления, отвлекаемости и т.д. Но эти ошибки не будут типичными, характерными, повторяющимися, а будут носить случайный характер.

Второй особенностью ошибок чтения при дислексиях является их стойкий характер. Дислексия определяется не по нескольким, часто случайным, ошибкам чтения. Овладение чтением проходило очень замедленно наблюдались разнообразные ошибки. По всем другим предметам, особенно по математике, знания были удовлетворительными. В анализе отличалось нормальное моторное развитие. Однако речь появилась поздно, наблюдалось отстование в ее развитии. Фразовая речь появилась лишь к трем годам. Оба мальчика были правши; у одного – легкая амбидекстрия, он пользовался одинакого обеими руками.

Исследование и беседы с родителями выявили следующиее. У матери были некоторые трудности при обучении чтению и письму. При обследовании простые фразы она читала и писала без ошибок. Но более тонкие пробы выявили ошибки почти столь же многочисленные, что и у детей. Отец – левша. В

процессе обучения письму его учили писать левой рукой. В детстве отец слегка заикался. В школьные годы у него была дислексия.

Таким образом, генетическое исследование позволило авторам сделать вывод о наследственном характере некоторых факторов, обусловливающих возникновение дислексий.

По данным других авторов (А.Н.Корнев. К.Д.Ефремов), у 70-80% детей с дислексиями отличаются нарушения биоэлектрической активности ствавовой локализации.

*Жауынмен жер көгерер,*
*Батамен ер көгерер!*

Ғайбат сөзден сақта,
Мезгілсіз өлімнен сақта,
Кеудемсоқ келіннен сақта.
Татымсыз тұздан сақта,
Арсыз қыздан сақта,
Қайырымсыз зордан сақта,
Жаңбырсыз жаздан сақта.
Ғұмыр берсең - жайлы бер,
Дәулет берсең - қайырлы бер.
Әйелді сүйікті ғып бер,
Ұл берсең - ұлықты ғып бер.
Келіннің келістісін бер,
Ат берсең - желістісін бер.
Тірімізге талап бер,
Өлімізге жұмақ бер.
Осы тілегімді бөлмей-жармай,
Үйіп-төгіп бір-ақ бер! *Әумин!*

*(Мұқадес Есламғалиұлы. Ақ бата. 30-31 беттер.)*

**Ақмарал ҒАБИТҚЫЗЫ,**
**Абай атындағы**
**ҚазҰПУ-дің**
**физика-математика факультетінің**
**4-курс студенті.**

# ЗЕРГЕРЛІК ӨНЕР – ҰЛТТЫҚ ТАЛҒАМНЫҢ БИІК ҮЛГІСІ

Қазіргі кезеңде қазақстандық білім беру жүйесі жаңа сапалық деңгейге көшу мақсатында түбегейлі өзгерістерді енгізу үстінде. Бұл өзгерістер жалпы білім беретін мектептерден бастап, арнаулы және жоғары оқу орындарында оқытудың жаңа технологияларын қолдана отырып, білікті маман даярлау мақсатын көздейді. Қазақстан Республикасының индустриалды-инновациялық даму міндеттеріне сәйкес ел экономикасын жаңа деңгейге көтеруге қызмет ететін білікті де білімді мамандар даярлауда кәсіптік білім берудің маңыздылығы артып отыр.

Кәсіптік білім, кәсіптік оқыту – бүгінгі қоғам, ғылымның дамуы және экономика қажеттіліктерінен туған жаңа мамандық түрі. Кәсіптік оқыту үдерісіне нақты нәтижеге негізделген іс-әрекет, арнайы әдіс-тәсілдер, сондай-ақ жинақталған тәжірибе, білік-дағдылар және т.б. жатады. Бұл осы мамандық иесінің қоғам, өндіріс және түрлі салалардағы талаптарға бейімделе білуіне көмектеседі.

Кәсіптік білім беретін оқу орындарындағы білім алушылар конструкциялау және жобалау, материалтану, металтану және т.с.с. пәндерге оқыту

барысында біліммен қатар біліктілікке, нақты дағдыларға үйренеді, еңбекке, айналадағы ортаға, өмірге көзқарастары қалыптасады. Теория мен тәжірибені үйлестіру арқылы әдістемелік жүйеге көп мән беріледі. Осы тұрғыда кәсіптік білім беру үдерісінде қазақтың ұлттық қолөнеріне үйрету өз халқының салт-дәстүрін, тарихын, тіршілігі мен дүниетанымын таныстырып, білім алушының жалпы рухани негізін қалыптастыруға, ұлттық тәрбиеге үлес қосады. Өйткені халықтың өмірі мен тұрмысы сол халықтың тарихымен, күнкөрісімен, кәсібімен тығыз байланысты. Ұлттық қолданбалы қолөнерге қызығушылықтарын туғызу ұлттық қадір-қасиет сезімін дамытады, яғни, қолөнер - ұлттық тәрбие көзі.

Сан ғасырдың сарабынан өтіп, біздерге қаймағы бұзылмай жеткен халқымыздың қасиетті қолөнері көптеген салаға бөлінеді. Солардың ішінде түрі жағынан да, мән-мазмұны жағынан да аса бай, шоқтығы биік тұрғаны — зергерлік өнері.

Қас шеберлердің қолынан шыққан қару-жарақ, ер-тұрман, ат әбзелдері, т.с.с. тұрмыста тұтынатын әр түрлі мүліктер мен сәндік әшекей бұйымдар шынайы өнер туындысына айналған.

Қазақ зергерлері, әсіресе, әйелдердің әшекейлі сәндік бұйымдарын асқан шеберлікпен, зор талғаммен жасай білген. Олар: сырға, білезік, сақина, жүзік, шолпы, шашбау, ілгек, қапсырма, алқа, өңіржиек, түйме, шеттік және т.б.

Зергерлік әшекей бұйымдар тек байлық пен сәндік үшін ғана емес, ол киім-кешек мәдениетінің ажырамас атрибуты, бірегей кешенді құрайтын аксессуарлар қатарынан орын алады. Олар киім-кешектің ғұрыптық, функциялық ерекшеліктерін, қолданыстық сипатын арттыра түсетін бөліктері. Ұлттық киімді онымен

ғажайып үндестік тапқан, арулар бойына – көрік, ажар, жігіттерге – жігер, үйлесімділік пен эстетикалық сән беріп тұратын зергерлік әшекей түрлерінсіз көзге елестету мүмкін емес.

Қолөнердің өзге түріне қарағанда зергерлік істің кәсіби сипаты басым. Тағылуына қарай зергерлік бұйымдар негізгі алты түрге бөлінеді: 1) бас; 2) мойын және кеудеге; 3) иыққа; 4) белге; 5) қолға; 6) аяққа тағылатын бұйымдар. Әр түр өз ішінде бірнеше типтерге, топтарға бөлінеді. Мысалы, басқа тағатын әшекейлерге маңдайлық, төбелік, желкелік, шекелік, құлаққа тағатын, шашбаулық және т.б. жатады. Зергерлер жасаған басқа да тұрмыста қажет түрлі дүниелер адамдардың тіршілік керегіне жарап қана коймай, әдемі өрнектерімен, сан қырлы, терең сырлы бояу, бедерлерімен талай ұрпақты таңғалдырып, тәрбиелік, танымдық қызметті өтеп келеді.

Қымбат әшекей бұйымдарды - сырға мен жүзік, сақина мен білезік, алқа мен медальон, диадемалар мен шолпыларды қалай тағудың өзіндік қатаң кағидасы болған. Қазақ арулары басына үкілі сәукеле киіп, құлағына алтын сырға тағуы, саусағына сақина, білегіне білезік киюі, беліне белдік буынып, шашына шолпы қадаған.

Зергерлік бұйымдардың негізінен металдардан жасалатыны белгілі. Металдар адамдардың өз қажеттілігін қанағаттандыру үшін қолданатын неғұрлым кең тараған материалдардың қатарына жатады. Қазіргі күні де металдардың кез келген өндіріс саласында немесе қарапайым тұрмыста маңызы зор.

Ерте замандардың өзінде адамзат баласы үй тұрмысында, құрал-жабдықтарында, қару-жарақта, әшекейлер жасауда темір заттарды қолданды. Бұған металдың өзіндік ерекше қасиеттері себеп болды.

Металл өңдеу жалпы адамзат тарихындағы үлкен белес болып табылады. Осылайша қоғам мен адам дамуы алға жылжыған сайын металдың рөлі одан сайын өсіп, кеңейе берді. Бүгінгі таңда металдан жасалған материалдарсыз техника және т.б. салаларды көзге елестету мүмкін емес.



Адамдардың дәл қай кезден бастап металл қазумен және өңдеумен айналысқанын нақты айту мүмкін емес. Тек қана металдардың қайсысы ең бірінші болып іс жүзінде қолданыла бастағаны жөнінде ғана болжамдар бар. Ғалымдардың айтуынша, бұл табиғатта таза, саф күйінде кездесетін асыл металдар болса керек. Демек, бұл мыс пен алтын деген сөз. Ал темір таза күйінде өте сирек (метеориттерде ғана) кездеседі. Осылайша, саф алтын адамдар пайдаланған алғашқы металл болып табылады. Ежелгі Мысырдағы Тутанхамон фараонның саркофагына 100 килограмнан астам алтын кеткен екен. Мұның өзі сол дәуірде өмір сүрген шеберлердің метал өңдеу техникасын қаншалықты керемет игергеніне айқын дәлел.

Қазақ даласында көркемдік тұрғыдан жетілген зергерлік өнер алғашқы темір дәуірінде пайда болған. Көптеген археологиялық қазбалар мен этнографиялық зерттеулер Қазақстан жерінде ерекше шеберлікпен жасалған бұйымдарды бізге жеткізді. Б.д.д. 5 ғасырына тән атақты «Алтын адам» ескерткіші де ежелгі ата-бабаларымыздың алтын өңдеу техникасын жетік меңгергенін дәлелдесе керек. Темір дәуірінен сақталған сақ обасынан табылған алтын киімді сақ жауынгерінің киімі 4 мыңға жуық алтын әшекейлермен безендірілген. Әшекейлер барыс, бұлан, таутеке, арқар, ат, түрлі құс бейнелерін беретін «аңдар стилінде» жасалған. Мойнында алтын алқа, көкірегінің тұсы, жеңі алтын тоғалармен өрнектелген, саусағында екі алтын жүзік, қамзолы құрастырмалы белбеумен буылған. «Алтын адам» көне дәуірдегі материалдық мәдениет, өнер, әсіресе, қолөнері жайлы мол дерек береді.

Қарғалы қазынасынан табылған әйелдің алтын бас киімі, түйенің мүсіні салынған алтын жүзік, алтын сырға, Актас-1 қорымынан б.д. 2-5 ғғ. жататын жарқырауық тас орнатылған сырғалар табылған. Бұл бұйымдарды әшекейлеуде де қазіргі қолданып жүрген барлық техникалық тәсілдер қолданылған. Ежелгі сақ, ғұн, үйсін зергерлерінің қолымен жасалған жүзіктерде, білезіктерде, алқаларда, шолпыларда «мүйіз» оюының түрлері, арқардың басы кездескен. Бұдан басқа таутекенің басы, мүйізі жүзіктерде, бөкеннің, еліктің басы, көздері ілгекте, қапсырмаларда, жүзіктерде әдемі шекілген. Арыстанның бас бейнесі алқаға, білезікке салынған. Зергерлер қымбат бағалы металдарды өңдеудің жоғары технологиялық құпияларын терең меңгерген. Оңтүстік және Орталық Қазақстанның орта ғасырлардағы көне қалаларының орындарынан

табылған алтыннан, күмістен жасалған заттар зергерлердің бұйымдардың беттеріне асыл тас орнату әдісін де меңгергендігін куәлайды. Олар әшекейлеудің торлау мен зерлеу, қараға бояу, оймалау, соғу, керту сияқты сан түрлі тәсілдерін білген.

Зергерлер негізінен қоғамның барлық әлеуметтік топтарының сұранысына ие болған әйелдердің әшекей бұйымдарын жасауда эстетикалық жағын ғана емес, сондай-ақ діни-идеологиялық, әдет-ғұрыптық, салт-дәстүрлік маңыздылықтарын да ескеріп отырған. Негізгі материал ретінде тіл-көзден, пәле-жаладан сақтайтын тылсым күші, қасиеті бар деп танылған алтын, көбінесе күмісті пайдаланған. Бірақ алтынның қасиеті басқа металдарға қарағанда ерекше деп есептеген. Көп халықтар металдың денге саулық, іске сәттілік алып келетін қасиеті бар деп есептейді. Сәндік бұйымдардың көбіне металдан жасалуы да осыған байланысты болған.

Зергерлер теңгелер мен жамбыларды балқытып құю арқылы өзіне қажетті мөлшерде күміс кесектерін дайындап алған. Оны отқа қыздырып, төс үстінде балғамен жайлап соғу арқылы әр түрлі зергерлік бұйымдар жасаған немесе күміс кесегін әбден қақтап жұқартқан соң қиып, темір әшекейлер бетін күмістеген. Құйма бұйымдарды жасау үшін күміс кесектерін шойын ожауда балқытып, арнайы қалыптарға құйып, суыған соң өңдеген. Кейбір зергерлік бұйымдарды темірден жасап, сыртын күміспен жалатқан. Зергерлік өнерде құйма, тегістеу, көркем шекіме, шекіме жасау арқылы металдың үстіне бүршіктік және күңгірт әсер ету, бастырма, оймыштау, нақыштау, сым кәптау, қарала, тынике, жылтырату, т.б. тәсілдер қолданған.

Зергерлік бұйымдардың көздеріне шеберлер ақық

(агат), теңбіл тас (сланец), феруза (бирюза), маржан (коралл), лағыл (рубин), гауһар (бриллиант), сапфир, меруерт (жемчуг), жақұт (яхонт), жарқырауық тас (самоцвет), янтарь тастарды пайдаланған. Әр зергердің өз қолтаңбасы болған, «шебердің қолын» соған қарап таныған. Зергерлік өнердің бұл құпиялары ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып отырған.

Дәстүрлі қазақ тұрмысында тастарға деген оң көзқарас бүгінге дейін сақталып отыр. Інжу көзге түскен катарактаны, янтарь зоб ауруын емдейді десе, маржан көз бен тіл тиюден сақтайды, қарғыстан қорғайды, феруза бақыт әкеледі дейді. Ақық тас зейнет пен қуаныш тасы деп танылған.

Қолға салынатын зергерлік әшекейдің түрлері ұқсас болғанымен, өзіндік айырмашылықтары бар: асыл тастардан көз қондырылғанын жүзік деп, тасы жоқ тек алтын, күмістің өзінен ғана көз шығарғанын - сақина, көзі жоқ шығыр түріндегісін балдақ деп атайды.

Жүзік – шеңбері таза алтын не күмістен соғылып, саусақ сыртына қараған бетіне асыл тастан көз салынған, әр түрлі пішінде әзірленген алаканы бар, саусаққа сәндік үшін киілетін зергерлік бұйым. Шеті ою-өрнектермен безендіріледі. Ол соғу, қалыптау, ширату тәсілімен жасалады. Жүзік сөзі бет, жүз, ажар дегеннен шыққан. Ал сақина сөзіндегі «сақ» түбірі берік, мықты, мығым деген мағынаны береді.



Құстұмсық жүзіктерді бақыттылықтың, тәуелсіздіктің, еркіндіктің белгісі ретінде бойжеткен қыздар таққан. Тұрмысқа шыққан қызынан орамалға түйілген «Құстұмсық» жүзік келсе, ата-анасы қуанып көршілерін шақырған. Құс бейнесі - халық түсінігінде азаттықтың белгісі. Жүзікке қарап ата-анасы қызының ұзатылған жерінің жақсы екендігін білген.

Балдақ – жүзіктің көзі жоқ, бірыңғай түрі. Оны, көбінесе, ерлер салған. Әдетте, ешқандай әшекейі жоқ алтыннан, күмістен сомдап соғылған немесе құйылған жай шығыршық тәрізді сақинаны қазақтар балдақ деп атайды. Балдақ сақинаны неке суы құйылған тостағанға салып, үйленетін адамдар алма-кезек неке суын ішіп тауысқан соң, ыдыстың түбіндегі балдақ сақинаны бір-бірінің оң қолының төртінші саусағына кигізеді. Ер мен әйелдің өзара қолдағы балдағын алмастырып алуы шын сүйіспеншіліктің белгісі саналған.

Ертеде халқымыз ас адал болуы үшін әйелдің қолында міндетті түрде сақина я жүзік болуы керек деп санаған. «Тамақ адал болуы үшін қолда жүзік болуы керек» деген сөз содан, өйткені бұл бұйымдар, көбіне күмістен жасалады. Ал таза күмісте әр түрлі ауру қоздырғыш микробтарды өлтіретін қасиет бар.

Білезік – әйел адамдардын білек буынына тағатын әшекейлі, сәнді бұйым. Білезік қымбат металдардан жасалады. Көлемі, пішіні, әшекейі әр алуан болады, асыл тастардан көз орнатылады, алтын немесе күміс жалатып та соғады. Арзан білезіктер мыс, қола, жез, мельхиордан жасалады. Білезік те жасалған материалы мен түр-тұлғасына қарай: алтын білезік, күміс білезік, сом білезік, сағат білезік, құйма білезік, бұрама білезік, топсалы білезік, қос білезік, жұмыр білезік, бес білезік және т.б. түрлерге бөлінеді. Саусақтарға

тағылған жүзіктердің білезікпен қоса жасалғандары «бес білезік» деп аталады.

Бойжеткен қыздар шолпы тағатын болған. Шолпы күміс теңгеліктердің бірнешеуін бір-біріне кішкене шығыршықтар арқылы жалғастырып жасайды, ең үстіңгісіне күміс шынжырдан немесе матадан ызылған бау тағады. Бауды бұрыммен қоса өріп қояды.

Мойынға тағып жүретін әшекейлердің бірі – тұмарша. Оны шебер зергерлер күмістен не бұрыштап, не жұмыр түтікше тәріздендіріп жасайды және мойынға іліп жүретін әсем шынжыр бау тағады. Бұлардың іші қуыс болады, онда дұға сақталады. Мұның өзі ерте кездегі дінге деген нанымнан туған. Тұмар адамды пәле-жаладан, тіл-көзден сақтайды деп білген. Сондықтан, оны күмістен жасатып, сыртына неше түрлі зер жүргізіп, алтынмен булатқан.

Ұлттық нақыштағы зергерлік бұйымдарға деген қызығушылық бүгінгі күні ерекше өсуде. Осы кәсіптегі халық дәстүрі қайта жаңғырып, жанданып отыр. Дәстүрлі өнер өркендеп, зергерлердің шебер қолынан шыққан асыл бұйымдар көздің жауын алып, эстетикалық ләззат сыйлайды, қуантады, тамсантады, таңғалдырады, жастар тәрбиесіне үлес қосады. Өйткені, әрбір қолөнер туындысы – ұлттық талғам үлгісі, салт-дәстүрдің нақты көрінісі.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**


1. Акишев К.А. Курган Иссык. – Москва: «Искусство», 1978. – 47 с.
2. Беккерт М. Мир металла. – Москва: Мир, 1980. – 152 с.
3. Қазақтың ұлттық киімдері. Алматы: «Алматыкітап», 384 б.
4. Позднякова Г., Синенькая Н. Қазақ сувенирлері. – Алматы: «Қазақстан», 1976. – 184 б.

**Раушан ТУРАБАЕВА,**
**А.Жұбанов атындағы**
**Республикалық Қазақ**
**мамандандырылған музыка**
**мектеп-интернатының**
**теория бөлімінің мұғалімі.**

# ОРЫС МУЗЫКА ӘДЕБИЕТІ ПӘНІНЕН ТЕСТ

*(11-сынып)*

| | | |
|---|---|---|
| 1. | Сыншы, «Могучая кучка» атты үйірменің ұйымдастырушысы кім? | а) Балакирев;<br>б) Стасов;<br>в) Беляев. |
| 2. | Балакирев және Кюимен таныспай тұрып, Мусоргский қай үйірмеге қатысып жүрді? | а) Беляев үйірмесіне;<br>б) Стасов үйірмесіне;<br>в) Даргомыжский үйірмесіне. |
| 3. | Мусоргский он жасында қай оқу орнына қабылданды? | а) гвардиялық подпрапорщиктердің мектебіне;<br>б) теңіз офицерлері мектебіне;<br>в) консерваторияға. |
| 4. | Мыстандардың кездесуі туралы халық аңызы негізінде жазылған Мусоргскийдің симфониялық қиялы | а) «Антар»;<br>б) «Остров мертвых»;<br>в) «Ночь на Лысой горе». |

| | | |
|---|---|---|
| 5. | «Женитьба» жэне «Сорочинская ярмарка» Мусоргский жазған ... сюжетінің негізінде | а) А.Островский;<br>б) Л.Толстой;<br>в) Н.Гоголь. |
| 6. | А.Голенищев-Кутузовтың сөзіне жазылған Мусоргскийдің вокалдық циклі | а) «Детская»;<br>б) «Песни и пляски смерти»;<br>в) «Картинки с выставки». |
| 7. | «Картинки с выставки» қандай жанрға жатады? | а) вариациялар;<br>б) фортепианолық сюита;<br>в) вокалдық сюита. |
| 8. | Орыс әншісі, Борис Годуновтың партиясын көрнекті орындаушы | а) Петров;<br>б) Собинов;<br>в) Шаляпин. |
| 9. | Мусоргский операға енгізген ... | а) шапшаң айту типі;<br>б) декламациялы ән;<br>в) хоровой речитатив. |
| 10. | Француз композиторы, «Суреттер көрмеден» шығарманы оркестрге арнап жаңадан жазған | а) Равель;<br>б) Дебюсси;<br>в) Франк. |
| 11. | Өмірінің аяғында концерттерімен Мусоргский Ресейдің оңтүстігіне ... атақты әншімен саяхат жасады | а) Шестакова;<br>б) Леонова;<br>в) Петрова-Воробьева. |
| 12. | Орыс суретшісі, Мусоргскийдің белгілі портретін жасаған | а) Суриков;<br>б) Васнецов;<br>в) Репин. |
| 13. | Мусоргскийдің операларының саны қанша? | а)5;<br>б)6;<br>в) 10. |

| | | |
|---|---|---|
| 14. | Кеңес композиторы, «Борис Годуновтың» бір басылымының авторы кім? | а) Г.Свиридов;<br>б) Д.Шостакович;<br>в) С.Прокофьев. |
| 15. | Өмірін ақырғы кезінде Мусоргский үшінші музыкалық драма жасаймын деп нені ұйғарды? | а) «Стенька Разин»;<br>б) «Саламбо»;<br>в) «Пугачевщина». |
| 16. | Римский-Корсаковтың естелік кітабын ата. | а) «Беседы о музыке; б) «Летопись моей музыкальной жизни»;<br>в) «Основы оркестровки». |
| 17. | Римский-Корсаковтың шәкірттері кімдер? | а) Глазунов, Лядов; б) Глинка, Мусоргский; в) Шостакович, Глиэр. |
| 18. | Балакиревпен танысқанша, Римский-Корсаков қайда оқыды? | а) әскери училищесінде;<br>б) заң училищесінде;<br>в) теңіз корпуста. |
| 19. | Римский-Корсаковтың операларының саны қанша? | а) 10;<br>б) 12;<br>в) 15. |
| 20. | Римский-Корсаковтың алғашқы операсы | а) «Воевода»; б) «Псковитянка»;<br>в) «Садко». |
| 21. | Римский-Корсаков қай консерваторияның профессоры болған? | а) Мәскеу;<br>б) Саратов;<br>в) Петербург. |
| 22. | 1890 жылдар ортасынан Римский - Корсаков қай театрдың ұйымымен жемісті қызмет істеді? | а) Мамонтовтың жеке меншік орыс опера театры;<br>б) Үлкен театры;<br>в) Мариин театры. |

| | | |
|---|---|---|
| 23. | Римский-Корсаков бірнеше рет «Могучая кучка» композиторларының операларын аяқтады. Олардың ішінде ... | а) «Сорочинская ярмарка», «Саламбо»;<br>б) «Воевода», «Ундина»;<br>в) «Хованщина», «Князь Игорь». |
| 24. | Римский-Корсаков ... көркемдік жетекшісі болды. | а) «Могучая кучка» үйірмесінің;<br>б) Беляев үйірмесінің;<br>в) Даргомыжский үйірмесінің. |
| 25. | «Царская невеста» операсының «Мыңқау» кейіпкері | а) Лыков;<br>б) Грязной;<br>в) Иван Грозный. |
| 26. | «Шехеразаданың» жанры ... | а) симфониялық сюита;<br>б) симфониялық көрініс;<br>в) симфониялық поэма. |
| 27. | Алғашқы кезде Римский-Корсаков «Шехеразаданың» екінші бөлігін қалай деп атаған? | а) «Царевич и Царевна»;<br>б) «Праздник в Багдаде»;<br>в) «Рассказ царевича Календера». |
| 28. | «Шехеразаданың» үшінші бөлігі қандай түрде жазылған? | а) разработкасыз сонаталық форма;<br>б) күрделі үш бөлімді форма;<br>в) вариациялық форма. |
| 29. | Римский-Корсаковтың ақырғы операсы | а) «Сказка о царе Салтане»;<br>б) «Сказание о граде Китеже»;<br>в) «Золотой петушок». |
| 30. | А.К.Лядовтың фортепианолық циклі | а) «Про старину»; б) «Бирюльки»;<br>в) «8 русских народных песен». |
| 31. | Лядов ... композиция сыныбы бойынша Петербург консерваториясын бітірген. | а) Черепнин;<br>б) Римский-Корсаков;<br>в) Чайковский. |
| 32. | Лядовтың симфониялық көрінісі | а) «Танец амазонки»; б) «Скорбная песнь»; в) «Из Апокалипсиса». |

| | | |
|---|---|---|
| 33. | Лядовтың шығарма-шылығының алғаш-қы кезеңінде ... шығармалары маңыз-ды орын алды. | а) симфониялық;<br>б) вокалдық;<br>в) фортепианолық. |
| 34. | Ида Рубинштейн арнап жазған Лядовтың симфониялық шығармашылығы. | а) «Танец амазонки»;<br>б) «Баба-Яга»;<br>в) «Скорбная песнь». |
| 35. | Лядовтың шәкірттері | а) Н.Я.Мясковский, С.С.Прокофьев;<br>б) Б.В.Асафьев, М.Ф.Гнесин;<br>в) А.С.Аренский. А.А.Спендиаров. |
| 36. | Мәскеу консерваториясы ... есімінде. | а) Римский-Корсаковтың;<br>б) Лядовтың;<br>в) Чайковскийдің. |
| 37. | Чайковскийдың ақырғы симфониясы? | а) «Трагическая»;<br>б) «Патетическая»; в) «Манфред». |
| 38. | Чайковскийдың 4-ші симфониясы кімге арналған? | а) Танеевке; б) Глазуновқа;<br>в) Надежде Филаретовне фон Мекк ханымға. |
| 39. | А.С.Пушкинның қай шығармаларының негізінде Чайковский-дің опералары жазылған? | а) «Опричник», «Воевода»;<br>б) «Кузнец Вакула», «Чародейка»;<br>в) «Евгений Онегин», «Пиковая дама», «Мазепа». |
| 40. | Чайковскийдің ақырғы операсы - | а) «Пиковая дама»; б) «Иоланта»;<br>в) «Чародейка». |
| 41. | Чайковский операларының саны қанша? | а) 15;<br>б) 10;<br>в) 7. |

| | | |
|---|---|---|
| 42. | Чайковскийдің өмірі мен шығармашылығының Мәскеу кезеңінде ... танысу болады. | а) А.Островский және Л.Толстоймен;<br>б) А.Чеховпен;<br>в) Бунинмен. |
| 43. | Петербург консерваториясына түскенше, Чайковский ... оқыды. | а) теңіз корпуста;<br>б) заң училищесінде;<br>в) әскери училищесінде. |
| 44. | Консерваторияда Чайковский ... жетекшілігінде жүрді. | а) Н.Г.Рубинштейн, С.Зверев;<br>б) А.Н.Рубинштейн, Н.И.Заремба;<br>в) Н.Римский-Корсаков, А.Зилоти. |
| 45. | Чайковскийдің консерваториядағы дипломдық жұмысы - | а) Фантазия «Франческа да Римини»;<br>б) увертюра  год» в) кантата;<br>«К Радости» на текст Шиллера. |
| 46. | Чайковский ... оқулығының авторы. | а) «Основы инструментовки»;<br>б) «Основы оркестровки»;<br>в) «Руководство к практическому изучению гармонии». |
| 47. | «Снегурочка» ертегісіне «Гроза» увертюрасын Чайковский ... шығармаларының негізінде жазған. | а) А.Островский;<br>б) А.Толстой;<br>в) В.Одоевский. |
| 48. | Чайковскийге Англияда ... музыка докторы атағы берілді. | а) Кембридж университетінің;<br>б) Лондон университетінің;<br>в) Оксфорд университетінің. |
| 49. | Чайковскийдің қай шығармасы симфониялық жанрға жатпайды? | а) «Ромео и Джульетта»;<br>б) «Ундина»;<br>в) «Буря». |
| 50. | Шетелдің қандай композиторларымен Чайковский таныс болған? | а) Дебюсси, Онеггер, Мийо;<br>б) Франк, Равель, Пуленк;<br>в) Брамс, Григ, Сен-Санс, Массне. |

**Қ. ЕСМАҒАНБЕТОВА,**
**Қарағанды облысының**
**Абай қаласындағы**
**№ 12 орта мектептің**
**қазақ тілі мен әдебиеті**
**пәнінің мұғалімі.**

# Тест сауалдары

*(5-сынып)*

**1. «Қожанасырдың тойға баруы» неге жатады?**
А) Ертегі; Б) Аңыз; В) Әңгіме.

**2. «Қаңбақ шал» ертегінің қай түрі?**
А) Тұрмыс-салт ертегісі;
Б) Жануарлар туралы;
В) Қиял-ғажайып ертегісі.

**3. «Өтірікке алданба, басың бәлеге душар болар» деген қай ертегіден?**
А) «Мақта қыз бен мысық»;
Б) «Түлкі мен ешкі»;
В) «Қаңбақ шал».

**4. Балалар әдебиетінің атасы кім?**
А) А. Құнанбайұлы;
Б) Ы. Алтынсарин;
В) А. Байтұрсынұлы.

**5. «Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,**
**Соқыр мылқау танымас тірі жанды», - деген кімнің өлең жолдары?**
А) М. Жұмабаев; Б) М. Дулатов; В) А. Құнанбаев.

**6. «Тіл – құрал», «Әліппе» деген оқулықтарды жазған кім?**
А) Б. Момышұлы;

Б) Ы. Алтынсарин;

В) А. Байтұрсынов.

**7. «Мен жастарға сенемін» өлеңінің авторы кім?**

А) Б. Соқпақбаев; Б) М. Жұмабаев; В) М. Мақатаев.

**8. «Шешенің балаларын сүюі» өлеңінің авторын көрсет.**

А) А. Байтұрсынов; Б) Т. Айбергенов; В) М. Дулатов.

**9.«Қарлығаштың құйрығы неге айыр?». Авторын тап.**

А) Т. Айбергенов;

Б) Б. Момышұлы;

В) Б. Соқпақбаев.

**10. «Үш бақытым» өлеңінің авторы кім?**

А) М. Жұмабаев;

Б) М. Мақатаев;

В) А. Құнанбайұлы.

*(6-сынып)*

**1. Араб тілінен аударғанда «асыл сөз» деген нені білдіреді?**

А) Тіл; Б) Әдебиет; В) Аңыз.

**2. – Шеше, анау жатқан сақамды алып берші, - дейді ... Қай ертегіден?**

А) «Ешкі мен түлкі»;

Б) «Қаңбақ шал»;

В) «Алтын сақа».

**3. «Толағай» аңызы не туралы?**

А) Достық; Б) Ерлік; В) Табиғат.

**4. «Сөздің көркі - ...». Тиісті сөзді тауып қой.**

А) Ақыл; Б) Сақал; В) Мақал.

**5. Аты аңызға айналған ұлы ғалым кім?**

А) Қорқыт; Б) Әл-Фараби; В) Жиренше.

**6. Құлпытастардағы жазуды алғаш оқыған ғалым кім?**

А) Томсен; Б) Бартольд; В) Потанин.

**7. Қорқыт не жасаған?**

А) Сазсырнай; Б) Домбыра; В) Қобыз.

**8. «Қорқыт ата кітабы» неше жырдан тұрады?**

А) 22; Б) 12; В) 33.

**9. «Бай баласы мен жарлы баласының» кейіпкерлерін көрсет.**

А) Асан, Үсен; Б) Хасан, Үсен; В) Асан, Әсен.

**10. Абай Құнанбайұлының әжесі кім?**

А) Әйгерім; Б) Ұлжан; В) Зере.

**11. Жүз жасаған ақын кім?**

А) Абай; Б) Жамбыл; В) Ыбырай.

**12. «Құлагер» шығармасының жанрын анықта.**

А) Повесть; Б) Ертегі; В) Поэма.

**13. Абай туралы көлемі туынды жазған кім?**

А) М. Әуезов; Б) С. Сейфуллин; В) С. Бегалин.

**14. «Балуан Шолақ» повесінің авторын көрсет.**

А) І. Жансүгіров; Б) С. Мұқанов; В) Ғ. Мұстафин.

**15. Ш. Мұртазаның шығармасын көрсет.**

А) «Алатау»;

Б) «Мен елімді сүйемін»;

В) «Қыз бен бота».

**16. «Дала» өлеңінің авторын тап.**

А) С. Мұқанов; Б) С. Сейфуллин; В) Ш. Мұртаза.

*(7-сынып)*

**1. Шешендік сөздерге не жатады?**

А) Бата; Б) Өлең; В) Ән.

**2. «Ленинградтық өренім» өлеңінің авторы кім?**

А) М. Жұмабаев; Б) А. Құнанбайұлы; В) Ж. Жабаев.

**3. «Егіннің бастары» өлеңінің авторын анықта.**
А) М. Мағауин;
Б) А. Байтұрсынұлы;
В) Ғ. Мүсірепов.

**4. Қазақ шешені кім?.**
А) Төле; Б) Қобыланды; В) Шоқан.

**5. «Жырау» деген атау қандай сөзден шыққан?**
А) Жұрт; Б) Ой; В) Жыр.

**6. «Дүниеде бәрінен не тәтті?». Дұрыс жауабын тап.**
А) Араның балы; Б) Ананың сүті; В) Атаның жүрегі.

**7. «Дүниеде бәрінен не жұмсақ?». Дұрыс жауабын тап.**
А) Жердің тасы; Б) Ананың қолы; В) Қойдың жүні.

**9. Қазақ батырын анықта.**
А) Саққұлақ; Б) Қобыланды; В) Асан қайғы.

**10. «Отыз сегізінші сөздің» - авторы кім?**
А) А. Құнанбайұлы;
Б) А. Байтұрсынұлы;
В) Д. Бабатайұлы.

**11. Ғабит Мүсіреповтың шығармасын көрсет.**
А) «Қазақ солдаты»; Б) «Отыз сегізінші сөз»; В) «Көксерек».

**12. «Елде көп бұл бидайдай адам деді, Тәкаппар, оны халық жаман деді» деген кімнің өлең жолдары?**
А) Ж. Аймауытов;
Б) А. Байтұрсынұлы;
В) М. Жұмабаев.

**13. «Қарағым» өлеңінің авторы кім?**
А) М. Жұмабаев; Б) Б. Майлин; В) С. Сейфуллин.

**14. А. Құнанбаев қай жылы туды?**
А) 1846-1945; Б) 1845-1904; В) 1873-1937.

**15. «О, Ақтан жас, Ақтан жас» - өлеңде кім туралы**

**айтылады?**

А) Байдың баласы; Б) Көңілді бала; В) Жетім бала.

*(8-сынып)*

**1. Лиро-эпостық жырды көрсет.**

А) «Қобыланды батыр», «Алпамыс батыр»;

Б) «Қыз-Жібек», «Айман-Шолпан»;

В) «Ақиқат сыйы», «Адамның кейбір кездері».

**2. Абайдың неше қара сөзі бар?**

А) 44; Б) 42; В) 45.

**3. «Ақиқат сыйының» авторын көрсет.**

А) Жүсіп Баласағұн;

Б) Ахмет Йүгінеки;

В) Абай Құнанбайұлы.

**4. «Жыр алыбы» деп кімді атаған?**

А) Сүйінбай; Б) Жамбыл; В) Шәкәрім.

**5. «Қамар сұлу» романының авторын анықта.**

А) М. Жұмабаев;

Б) Ш. Құдайбердиев;

В) С. Торайғыров.

**6. Абайдың немере інісі кім?**

А) Шәкәрім;

Б) Ысқақ;

В) Кәкітай.

**7. «Аққудың айырылуы» поэмасының авторын көрсет.**

А) М. Жұмабаев;

Б) С. Сейфуллин;

В) М. Әуезов.

**8. «Абай жолы» роман-эпопеясының авторын анықта.**

А) Ғ. Мүсірепов;

Б) Ғ. Мұстафин;

В) М. Әуезов.

**9. «Ана» тақырыбына көп жазған жазушы кім?**

А) М. Мақатаев;

Б) Ғ. Мүсірепов;

В) Ғ. Мұстафин.

**10. «Менің атым – Қожа» повесінің авторы кім?.**

А) Б. Соқпақбаев;

Б) Қадыр Мырза Әли;

В) О. Сүлейменов.

**11. «Үш бақытым» өлеңінің авторы кім?.**

А) С. Торайғыров;

Б) М. Мақатаев;

В) С. Сейфуллин.

**12. «Ұшқан ұя» романын жазған жазушы кім?**

А) Қ. Қайсенов;

Б) Б. Момышұлы;

В) Б. Бұлқышев.

**13. «Қайрат», «ақыл», «жүрек» Абайдың нешінші сөзінде айтысады?**

А) 17; Б) 29; В) 31.

**14. Ғ. Мұстафиннің шығармасын көрсет.**

А) «Ана жыры»;

Б) «Қарағанды»;

В) «Азия».

**15. «Қыз қуу» өлеңін кім жазған?**

А) Қадыр Мырза Әли;

Б) О. Сүлейменов;

В) С. Торайғыров.

**Бас редакторы - Зернебек ШІЛДЕБАЙҰЛЫ.**

**“Ұлағат” -** екі айда бір рет шығатын республикалық ғылыми-психологиялық және педагогикалық басылым.

**Құрылтайшы және шығарушы:** “Қазақ тілі мен әдебиеті” және “Ұлағат” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

**Жауапты редакторы – Айнұр ХАБИДУЛЛАҚЫЗЫ.**
**Корректоры - Гүлзира ӨМІРБЕКҚЫЗЫ.**
**Компьютерде теріп, беттеген – Жанар СЕЙДУЛЛАҚЫЗЫ.**

Қолжазба қайтарылмайды.
Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

**Журнал** Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың тамыз айының 25-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы **№6552-Ж Куәлігі** берілген.
Басуға 22.04.2011ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32.
Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.
Шартты басылым табағы – 8.0.
Есептік баспа табағы – 7.68. Таралымы – 600.
Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75821.**
**Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы, Гайдар көшесі, 123-үй.**
Бас редактордың қабылдау бөлмесі және бөлімдер: 256-06-46. Факс: 256-13-41.
**Электрондық пошта:** KazUlagat@mail.ru
**Басылатын жері** – «Алматы – Болашақ» акционерлік Қоғамы.

**РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО-ПСИХОЛОГИЧЕСКОЕ И ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ ИЗДАНИЕ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ “ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ” ЖӘНЕ “ҰЛАҒАТ”**

© «Ұлағат», №2, 2011ж., 144 бет, Алматы.